

Қазақ тілінен тест тапсырмалары

Фонетика

1-нұсқа

1. Тек қана қазақ тіліне тән дабыстардан ғана құралған қатарды көрсетіңіз.

- A) ү, а, і.
- B) ө, ң, ә.
- C) с, қ, о.
- D) ө, һ, н.
- E) ұ, е, х.

2. Бірыңғай үнді дауыссыздар ғана құралған сөзді көрсетіңіз.

- A) Маймыл, ұлан.
- B) Әдемі, ұстаз.
- C) Күзетші, мақсат.
- D) Аққу, суық.
- E) Ауру, бұғы.

3. Буынға қате бөлінген сөзді белгілеңіз.

- A) Құ-мырс -қа.
- B) Кі-тап-ты.
- C) Қа-йық.
- D) О-қу-шы.
- E) Мұ-ра-гер.

4. Буын үндестігіне сай жалғанған қосымшаны табыңыз.

- A) Баламен.
- B) Апамдікі.
- C) Ұлдарына.
- D) Мұғалім.
- E) Гүлзар.

5. Қатаң дауыссыз дыбысқа жатпайтын дыбыстарды көрсетіңіз.

- A) Ч, х, щ.
- B) П, ф, к.
- C) Ғ, г, д.
- D) Һ, ц, ж.
- E) Т, с, ш.

6. Ұяң дыбысты сөзді көрсетіңіз.

- A) Баға.
- B) Тас.
- C) Ару.
- D) Төсек.
- E) Ащы.

7. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаны табыңыз.

- A) -дар, -дер, -тар, -тер.

В) -ға, -ге, -қа, -ке.

С) -дың, -дің, -тың, -тің.

Д) -ны, -ні, -ды, -ді.

Е) -мен, -бен, -пен.

8. Берілген сөздер қандай дауыстылардан жасалғанын көрсетіңіз.

Кептер, кекілік, үлгілі, өзен.

А) Қысаң дауыстылардан.

В) Жуан дауысты дыбыстардан.

С) Жіңішке дауысты дыбыстардан.

Д) Ашық дауыстылардан.

Е) Жуан және жіңішке дауыстылардан.

9. «Ө» қандай дыбыс екенін анықтаңыз.

А) Жуан, езулік.

В) Жіңішке, еріндік.

С) Жіңішке, езулік.

Д) Жуан, қысаң.

Е) Езулік, жуан.

10. Үш үнді дыбысы бар сөзді анықтаңыз.

А) Даңғыл.

В) Мақсат.

С) Жолдас.

Д) Орман.

Е) Мектеп.

11. Буын түрін анықтаңыз.

Ат, ас, ақ, от.

А) Ашық буын.

В) Бітеу буын.

С) Тұйық буын.

Д) Ашық және тұйық буын.

Е) Бітеу және тұйық буын.

12. Бірыңғай қатаң дауыссыздан құралған сөзді көрсетіңіз.

А) Бүгінгі.

В) Адам.

С) Қатысу.

Д) Болашақ.

Е) Қараша.

13. Бірыңғай ашық буынды сөздер қатарын көрсетіңіз.

А) Кезек, мата, қонақ.

В) Ғасыр, еңбек, табиғат.

С) Тон, медресе, қысқа.

Д) Тау, пән, аяз.

Е) Мата, оқушы, тері.

14. Қазақ тіліне тән жіңішке дауысты дыбыстарды анықтаңыз.

- A) Е, ә, ү.
- B) А, ү, і, ә.
- C) І, е, ө, ұ.
- D) Ү, ә, і, ө.
- E) О, а, ү.

15. Сөздің басында кездеспейтін үнді дауыссыз дыбыстарды көрсетіңіз.

- A) й, ң.
- B) л, м.
- C) у, й.
- D) н, ң.
- E) р, у.

16. Буын үндестігіне бағынбай жалғанатын қосымшаны табыңыз:

Бала ...

- A) -лар.
- B) -жан.
- C) -нікі.
- D) -қай.
- E) -пан.

17. Үнді мен қатаң дауыссыздар қатар тұрған сөзді анықтаңыз.

- A) Аңшы.
- B) Аралас.
- C) Үтір.
- D) Шағала.
- E) Шекара.

18. Қатаң дыбыстарды көрсетіңіз.

- A) к, қ, п, с.
- B) н, р, у.
- C) й, л, м.
- D) д, ж, з, һ.
- E) б, в, г, ғ.

19. Тек қана жіңішке дауысты дыбыстары бар сөзді көрсетіңіз.

- A) Оқушы.
- B) Сынақ.
- C) Кітап.
- D) Күнтізбе.
- E) Сынып.

20. Тұйық буыны бар сөзді табыңыз.

- A) Халық.
- B) Қазақ.
- C) Көркем.
- D) Арман.
- E) Ғылым.

21. Сөз үнді дыбысқа аяқталса, қосымша қандай дыбыстан басталатынын анықтаңыз.

- A) Қатаң немесе ұяң дауыссыз дыбыстан.
- B) Үнді немесе ұяң дауыссыз дыбыстан.
- C) Тек үнді дауыссыздан.
- D) Тек ұяң дауыссыз дыбыстан.
- E) Қатаң дауыссыз дыбыстан.

22. Тек үнді дауыссыз дыбыстардан құралған сөзді көрсетіңіз.

- A) Танысу.
- B) Менің.
- C) Оған.
- D) Үйде.
- E) Ағалар.

23. Сөйлемнен тек ұяң дауыссыздан құралаған сөзді көрсетіңіз.

Ол жазда жайлауда атасының үйінде болды.

- A) Жайлауда.
- B) Жазда.
- C) Үйінде.
- D) Атасының.
- E) Ол.

24. Тек қатаң дауыссыз дыбыстардан құралған сөзді белгілеңіз.

- A) Қарақат, қорап.
- B) Қысаң, сауысқан.
- C) Қысқыш, сопақ.
- D) Серт, оқшау.
- E) Тауық, штаб.

25. Дауыстылардың ерін қатысына қарай бөліну түрлері белгілеңіз.

- A) Шұғыл, ұзын.
- B) Ашық, қысаң.
- C) Жуан, жіңішке.
- D) Еріндік, езулік.
- E) Тіл алды, тіл арты.

Фонетика

2-нұсқа

1. Дауысты, езулік, қысаң, жуан дыбысты анықтаңыз.
 - A) О.
 - B) А.
 - C) Ы.
 - D) Ө.
 - E) Ұ.
2. Қазақ тіліне тән қатаң дыбыстан басталатын сөздер қатарын белгілеңіз.
 - A) Қуырдақ, құшақ.
 - B) Тіршілік, ойыншық.
 - C) Сауысқан, көл.
 - D) Ғаламтор, сауысқан.
 - E) Көлеңке, перзент.
3. Тек бітеу буынды сөзді көрсетіңіз.
 - A) Сұлу, жұқа.
 - B) Ән, аң, жаңаша.
 - C) Мереке, үлгі, аула.
 - D) Дәптер, мектеп, бұлбұл.
 - E) Оқушы, бала, оқытушы.
4. Тіл дыбыстарын зерттейтін ғылымды белгілеңіз.
 - A) Сын есім.
 - B) Фонетика.
 - C) Зат есім.
 - D) Сан есім.
 - E) Үндестік заңы.
5. Дауыссыздан басталып дауыстыға аяқталатын буын түрін анықтаңыз.
 - A) Тұйық.
 - B) Буын.
 - C) Аралас.
 - D) Ашық.
 - E) Бітеу.
6. Құрамында төрт дауыссыз дыбысы бар сөзді табыңыз.
 - A) Азан.
 - B) Қарақат.
 - C) Сахара.
 - D) Қарт.
 - E) Тау.
7. Ұяң дауыссыз дыбыстан құралған сөзді анықтаңыз.
 - A) Кереге.

- B) Көк.
- C) Баға.
- D) Ине.
- E) Алма.

8. Берілген сөздер қандай дауысты дыбыстардан құралғанын белгілеңіз.

Қазақстан, ұлт, ынтымақтастық.

- A) Жіңішке дауысты дыбыстардан.
- B) Тек жіңішке дауысты дыбыстардан.
- C) Жуан және жіңішке дауыстылардан.
- D) Жуан дауысты дыбыстардан.
- E) Қысаң дауыстылардан.

9. Буын түрін анықтаңыз.

Терезе, кеме, ана, аға.

- A) Ашық және тұйық буын.
- B) Тұйық буын.
- C) Бітеу және тұйық буын.
- D) Ашық буын.
- E) Бітеу буын.

10. Тек бітеу буынды сөзді анықтаңыз.

- A) Салқын.
- B) Кешке.
- C) Ұлы.
- D) Үлкен.
- E) Сауда.

11. Дыбыстар неше топқа бөлінетінін көрсетіңіз.

- A) 5.
- B) 4.
- C) 3.
- D) 2.
- E) 6.

12. Бірыңғай үнді дауыссыз дыбыс қатысқан сөзі табыңыз.

- A) Қасқыр.
- B) Арман.
- C) Балдырған.
- D) Тасымал.
- E) Тұтқа.

13. Дауыстылардың жақтың қатысына қарай бөліну түрлері белгілеңіз.

- A) Шұғыл, ұзын.
- B) Ашық, қысаң.
- C) Жуан, жіңішке.
- D) Еріндік, езулік.
- E) Тіл алды, тіл арты.

14. Жуан дауысты дыбыстарды көрсетіңіз.

A) н, и.

B) а, ы.

C) е, ң.

D) у, ң.

E) і, о.

15. Мақалдан қатаң дауыссыздан басталған сөзді табыңыз.

Ұста пышаққа жарымас, етекші етікке жарымас.

A) Ұста.

B) Пышаққа.

C) Жарымас.

D) Етікші.

E) Етікке.

16. Үнді дыбысқа аяқталатын сөзді белгілеңіз.

A) Елтаңба.

B) Қайрат.

C) Қағаз.

D) Дыбыс.

E) Заң.

17. Сөйлемде буынның қай түрі жоқ екенін анықтаңыз.

Машинада әжселерге орын береді.

A) Тұйық.

B) Аралас.

C) Бітеу.

D) Бірыңғай.

E) Ашық.

18. «Ү» дыбысына талдау жасаңыз.

A) Ашық, еріндік.

B) Қысаң, езулік.

C) Жуан, езулік.

D) Ашық, жіңішке.

E) Жіңішке, қысаң.

19. Ұяң дауыссыз дыбыстардан тұратын сөздер қатарын анықтаңыз.

A) Үзіліс, сабақ, қоңырау.

B) Бөлме, сынып, қабырға.

C) Терезе, әйнек, есік.

D) Біз, жаз, жүз.

E) Аула, мектеп, алаң.

20. Қазақ алфавитінде қанша әріп бар екенін көрсетіңіз.

A) 43.

B) 42.

C) 29.

D) 39.

E) 38.

21. Бірыңғай тұйық буынды сөздерді көрсетіңіз.

- A) Ең, өте, тым.
- B) Аш, ат, от.
- C) Есім, мысал, көп.
- D) Ал, жай, көр.
- E) Ет, кет, аса.

22. Дауысты, езулік, қысаң, жуан дыбысты анықтаңыз.

- A) О.
- B) А.
- C) Ұ.
- D) Ы.
- E) Ө.

23. Жуан дауысты дыбыстардан тұрған сөзді көрсетіңіз.

- A) Мұғалім.
- B) Аялдама.
- C) Мекенжай.
- D) Мектеп.
- E) Ескерткіш.

24. Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын қосымшалы сөздерді табыңыз.

- A) Білімді, Мақпалға.
- B) Қонақтар, айтқыз.
- C) Шынардай, ізде.
- D) Табады, қойды.
- E) Зейнеге, оқыған.

25. Ашық буынды сөзді табыңыз.

- A) Ынтық.
- B) Шындық.
- C) Бірлік.
- D) Тіле.
- E) Күш.

Сөз құрамы

1-нұсқа

1. Сөз тудырушы жұрнақтың анықтамасын белгілеңіз.
 - A) Өзі жалғанған сөздің мағынасын өзгертпейді.
 - B) Сөзді басқа сөзбен байланыстырмайды.
 - C) Бірнеше жұрнақтар жалғанады.
 - D) Өз жалғанған сөзді түрлендіреді.
 - E) Түбірдің негізгі мағынасын өзгертіп, оған жаңа мағына береді.
2. Түбір сөзді табыңыз.
 - A) Түндік.
 - B) Қалада.
 - C) Тәрбие.
 - D) Асхана.
 - E) Көрсеткіш.
3. Туынды түбірді белгілеңіз.
 - A) Жақсы.
 - B) Жақсылық.
 - C) Жақсымен.
 - D) Жақсыдан.
 - E) Жақсының.
4. «Күшті» сөзіне түбірлес сөзді белгілеңіз.
 - A) Күйік.
 - B) Күнделік.
 - C) Күшік.
 - D) Күрке.
 - E) Күштілік.
5. Түбірлес сөздер қатарын табыңыз.
 - A) Балық, балалық, балдай.
 - B) Білімді, білгіш, білді, білгір.
 - C) Бармыз, балық, барша.
 - D) Оқырман, озат, олақ.
 - E) Ерден, ерлік, ерекше.
6. Туынды түбірлі қатарды анықтаңыз.
 - A) Жеміске.
 - B) Жапырақ.
 - C) Бак, бұлттар.
 - D) Күздік, астық.
 - E) Жидектер.
7. Тәуелдік жалғау жалғанған сөзді белгілеңіз.
 - A) Шайға.
 - B) Шайдан.
 - C) Шайдың.

- D) Шайларыңыз.
E) Шайнек.
8. Жұрнақтарды анықтаңыз.
-ыншы, -інші, -ншы, -нші.
A) Зат есім жасаушы жұрнақ.
B) Зат есімнен туынды сын есім жасаушы жұрнақ.
C) Етістіктен сын есім тудырушы жұрнақ.
D) Көсемшенің жұрнағы.
E) Реттік сан есімнің жұрнағы.
9. Түбір сөзді көрсетіңіз.
A) Қамқоршы.
B) Дәстүр.
C) Достық.
D) Басшы.
E) Мемлекеттік.
10. Жұрнағы бар сөзді табыңыз.
A) Жүр.
B) Дәптерлер.
C) Сыныбым.
D) Сен.
E) Оқулық.
11. Септік жалғаулы сөзді көрсетіңіз.
A) Сызғышты.
B) Бесінші.
C) Басқар.
D) Қызғылт.
E) Өздік.
12. Туынды сөздер қатарын табыңыз.
A) Емхана, ауылым, орманда.
B) Әнші, саласына, басшы.
C) Ақылмен, ұшқыш, доссың.
D) Жақсылық, бөлім, оқулық.
E) Қалашық, сыныбымыз, балам.
13. „Біл, өнер, сурет ” сөздерінен туынды түбір жасауға болатын жұрнақтарды табыңыз.
A) -ша, -ім, -гіш.
B) -ғыш, -гіш, -шы.
C) -ім, -лі, -ші.
D) -лы, -лі, -гіш, -ғыш.
E) -шы, -ып, -іп.
14. «Тазалық» сөзіне түбірлес сөзді табыңыз.
A) Тазалау.
B) Тазқара.

- C) Тарлау.
 - D) Тазша.
 - E) Таразы.
15. Жұрнақ арқылы жасалған етістікті анықтаңыз.
- A) Бер.
 - B) Бар.
 - C) Ойла.
 - D) Жүр.
 - E) Жаз.
16. Сөздерден тиісті жұрнақтар арқылы туынды түбір жасаңыз.
- Оқу, ас, егіс.*
- A) -шы, -тық, -тік.
 - B) -лық, -лы, -лі.
 - C) -ып, -іп, -ғыш.
 - D) -ғыз, -гіз, -гіш.
 - E) -шы, -ып, -іп.
17. Тек қана түбірден тұрған сөзді белгілеңіз.
- A) Улану.
 - B) Ула.
 - C) Улау.
 - D) У.
 - E) Уланды.
18. Түбір сөздер қатарын табыңыз.
- A) Өзен, малшы, әнші.
 - B) Ғалым, жаз, кел.
 - C) Ауыл, оқыған, елші.
 - D) Суретші, жазушы, келші.
 - E) Жұмбақ, қалам, суретші.
19. Сөз түрлендіруші жұрнақтар жалғанған сөздерді белгілеңіз.
- A) Үйшік, сандықша.
 - B) Жазба, ойна.
 - C) Оқуда, жазда.
 - D) Үйде, әнге.
 - E) Қонжық.
20. Туынды түбірі бар сөзді анықтаңыз.
- A) Қадам.
 - B) Дойбы.
 - C) Еңбек.
 - D) Жаға.
 - E) Достық.
21. Бір ғана түбірден тұрған сөзді анықтаңыз.
- A) Елнұр.
 - B) Әркім.

- C) Ешбір.
 - D) Ешкім.
 - E) Қайрат.
22. Негізгі түбір сөзді көрсетіңіз.
- A) Қонжық.
 - B) Жазбалар.
 - C) Кірме.
 - D) Аумалы.
 - E) Достық.
23. Туынды түбір сөздерді анықтаңыз.
- A) Ән, оқу.
 - B) Білім, білгіш.
 - C) Жерге, өзін.
 - D) Күзге, сурет.
 - E) Ал, алды.
24. Түбірлес сөздерді көрсетіңіз.
- A) Жолдау, жариялау, жобалау.
 - B) Оқу, оқушы, оқулық.
 - C) Тәуелсіздік, тіршілік, тазалық.
 - D) Жоспар, жолдама, жол.
 - E) Бағыт, бағдарлама, бағбан.
25. Түбір сөзді көрсетіңіз.
- A) Жазғы.
 - B) Қоржын.
 - C) Ойсыз.
 - D) Ашулы.
 - E) Ойшыл.

Сөз құрамы
2-нұсқа

1. Жұрнақсыз сөзді табыңыз.
 - A) Байлық.
 - B) Оқушымын.
 - C) Балалық.
 - D) Ауылға.
 - E) Кітапхана.
2. Түбір мен қосымшадан тұрған сөзді көрсетіңіз.
 - A) Қамқор.
 - B) Басшылар.
 - C) Айгүл.
 - D) Мемлекет.
 - E) Дәстүр.
3. Қазақ тіліндегі жалғау санын анықтаңыз.
 - A) 4.
 - B) 3.
 - C) 2.
 - D) 6.
 - E) 5.
4. Туынды сөздер қатарын табыңыз.
 - A) Емхана, ауылым, орманда.
 - B) Жақсылық, бөлім, оқулық.
 - C) Ақылмен, ұшқыш, доссың.
 - D) Қалашық, сыныбымыз, балам.
 - E) Әнші, саласына, басшы.
5. Көп нүктенің орнына керекті қосымшаны қойыңыз.

Мен Орал қаласында тұр...ймын.

 - A) - ме.
 - B) - ба.
 - C) - ма.
 - D) - па.
 - E) - бе.
6. Жұрнағы бар сөзді табыңыз.
 - A) Көл.
 - B) Көлшік.
 - C) Төсек.
 - D) Қой.
 - E) Құс.
7. Түбір сөзді белгілеңіз.
 - A) Арман.
 - B) Сулы.
 - C) Жап-жасыл.
 - D) Орманды.

- Е) Жаздыгүні.
8. Жұрнағы бар сөзді табыңыз.
- А) Оқулық.
 - В) Жүр.
 - С) Сыныбым.
 - Д) Дәптерлер.
 - Е) Сен.
9. Түбір сөздерді табыңыз.
- А) Беру, сенің, оның.
 - В) Кет, айт, жаз.
 - С) Көгілдір, ақшыл, келді.
 - Д) Емші, сонау, беру.
 - Е) Барсын, жазу, айтты.
10. Жұрнақ арқылы жасалған сөзді табыңыз.
- А) Дәптердің.
 - В) Балалық.
 - С) Қаламмен.
 - Д) Үйлер.
 - Е) Кітаптан.
11. Түбір сөзді табыңыз.
- А) Желдеткіш.
 - В) Қасық.
 - С) Күнделік.
 - Д) Ойыншық.
 - Е) Қайықшы.
12. Негізгі түбірден тұрған сөзді анықтаңыз.
- А) Кезекші.
 - В) Күзгі.
 - С) Суретші.
 - Д) Бұлтты.
 - Е) Дәулет.
13. Жұрнағы бар сөзді анықтаңыз.
- А) Қайраты.
 - В) Қайраттылық.
 - С) Қайратын.
 - Д) Қайраттың.
 - Е) Қайратгіен.
14. Негізгі түбірден тұратын сөзді анықтаңыз.
- А) Кезекші.
 - В) Күзгі.
 - С) Суретші.
 - Д) Бас.
 - Е) Бұлтты.
15. Түбірлес сөздерді көрсетіңіз.
- А) Жолдау, жариялау, жобалау.

- В) Бағыт, бағдарлама, бағбан.
 - С) Тәуелсіздік, тіршілік, тазалық.
 - Д) Оқу, оқушы, оқулық.
 - Е) Жоспар, жолдама, жол.
16. Түбір сөзді табыңыз.
- А) Қант.
 - В) Малшы.
 - С) Балалық.
 - Д) Заңгер.
 - Е) Достық.
17. Жұрнағы бар сөзді табыңыз.
- А) Көлдер.
 - В) Құспен.
 - С) Көлшік.
 - Д) Допқа.
 - Е) Қойын.
18. Жалғауы бар сөзді табыңыз.
- А) Су.
 - В) Кітапқа.
 - С) Қозы.
 - Д) Аң.
 - Е) Төсек.
19. Жұрнағы бар сөзді табыңыз.
- А) Таулар.
 - В) Ала-құла.
 - С) Қара.
 - Д) Аурухана.
 - Е) Доп.
20. Септік жалғаулы сөзді көрсетіңіз.
- А) Шешімдері.
 - В) Түрлі.
 - С) Балықшы.
 - Д) Мақсатпен.
 - Е) Азаматтарымыз.
21. Сөз түрлендіруші жұрнағы бар сөзді табыңыз.
- А) Қызғылт.
 - В) Көрме.
 - С) Үрле.
 - Д) Күлкілі.
 - Е) Бағала.
22. Негізгі түбір сөзді табыңыз.
- А) Түн.
 - В) Кіріседі.
 - С) Ақылды.
 - Д) Айлакер.

Е) Көрсету.

23. Түбір сөздерді табыңыз.

А) Анашым, әкетай.

В) Күйші, биші.

С) Қалқатай, шырағым.

Д) Іні, аға, көке.

Е) Әнші, суретші.

24. Түбірлес сөздер қатарын көрсетіңіз.

А) Өркен, өлім.

В) Табиғат, табу.

С) Сынып, сынақ.

Д) Байлық, бай.

Е) Жолдау, жомарт.

25. «Бала» сезіне қосылатын қосымшаны анықтаңыз.

А) - шы.

В) - лық.

С) - тың.

В) - лік.

Е) - ші.

Зат есім

1-нұсқа

1. Зат есім тудырушы жұрнактарды белгілеңіз.
 - A) -лау, -леу.
 - B) -шы, -ші.
 - C) -с, -ыс.
 - D) -дау, -деу.
 - E) -дыр, -ыр.
2. Туынды зат есімді табыңыз.
 - A) Тастардың.
 - B) Жолға.
 - C) Әжеміз.
 - D) Ұстаз.
 - E) Қойшы.
3. Туынды зат есім қатысқан сөйлемді табыңыз.
 - A) Алматыда көптеген мемлекеттік орындар бар.
 - B) Қала көшелеріне батыр ұлдарының аты берілді.
 - C) Тұрар Рысқұлов - қазақ халқының даңқты перзенті.
 - D) Ол Отанын, елін, жерін шексіз сүйді.
 - E) М. Шоқайдың білімге деген құштарлығы ерте байқалды.
4. Түбір зат есімді белгілеңіз.
 - A) Ойыншық.
 - B) Білім.
 - C) Өнім.
 - D) Өнер.
 - E) Оқушы.
5. Жалпы зат есімлі көрсетіңіз.
 - A) Көкшетау.
 - B) Бұхара.
 - C) Меруерт.
 - D) Адам.
 - E) Алатау.
6. Тәуелдік жалғаулы зат есімді табыңыз.
 - A) Құлақтан.
 - B) Көзге.
 - C) Жүрегің.
 - D) Аяққа.
 - E) Мұрынды.
 - E) Оқушы.
7. Көптік жалғаулы сөзді көрсетіңіз.
 - A) Аттанармын.
 - B) Аскарды.
 - C) Атымен.
 - D) Бақыттысың.
 - E) Үйлеріміз.

8. Негізгі зат есімді анықтаңыз.

- A) Жақсылық.
- B) Білім.
- C) Адам.
- D) Бұрғы.
- E) Қойшы.

9. Ілік септігіндегі зат есімді табыңыз.

- A) Күн.
- B) Оқудан.
- C) Қалаға.
- D) Ауылдың.
- E) Қолында.

10. Жұрнағы бар сөзді табыңыз.

- A) Сыныптар.
- B) Көрсеткіш.
- C) Керек.
- D) Мектебі.
- E) Сабақ.

11. Тәуелдік жалғау жалғанған сөзді белгілеңіз.

- A) Шайға.
- B) Шайдан.
- C) Шайдың.
- D) Шайларыңыз.
- E) Шайнек.

12. Септік жалғаулы сөзді көрсетіңіз.

- A) Сызғышты.
- B) Бесінші.
- C) Басқар.
- D) Қызғылт.
- E) Өздік.

13. Зат есімдерді белгілеңіз.

- A) Оқыды, жазды.
- B) Көктем, ағаш.
- C) Алыс, жақын.
- D) Ол, мен.
- E) Алты, жетпіс.

14. Жіктік жалғаулы қатарды табыңыз.

- A) Студенті, магистрі, оқушысы.
- B) Студентте, магистрде, оқушыда.
- C) Студентпін, магистрсін, оқушысыз.
- D) Студентім, магистрің, оқушысы.
- E) Студенттің, магистрға, оқушыда.

15. Туынды зат есімді табыңыз.

- A) Тастардың.
- B) Жолға.

С) Әжеміз.

Д) Ұстаз.

Е) Қойшы.

16. Негізгі зат есімді табыңыз.

А) Күнделік.

В) Көркем.

С) Оқулық.

Д) Мектеп.

Е) Оқушы.

17. Жалпы зат есімді көрсетіңіз.

А) Көкшетау.

С) Бухара.

С) Меруерт.

Д) Адам.

Е) Алатау.

18. Туынды зат есімді көрсетіңіз.

А) Он бес.

В) Бірлік.

С) Оқудың.

Д) Тәртіп.

Е) Он.

19. Барыс септігінде тұрған сөзді табыңыз.

А) Жолдастар.

В) Жолдасқа.

С) Жолдасы.

Д) Жолдаспен.

Е) Жолдасың.

20. Тәуелдік жалғауы жалғанған сөзді табыңыз.

А) Доссың.

В) Досқа.

С) Достар.

Д) Досым.

Е) Досты.

21. Қажетті жалғауды табыңыз.

Сен... досың.

А) -ің.

В) -мен.

С) -ім.

Д) -ың.

Е) -де.

22. Септік жалғауы бар мақал-мәтелді табыңыз.

А) Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.

В) Татулық - табылмас бақыт.

С) Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас.

Д) Жеті рет өлшеп, бір рет кес.

Е) Білім - арзан, білу - қиын.

23. Көптік жалғауы бар сөзді табыңыз.

А) Көремін.

В) Өлді.

С) Көгереді.

Д) Жазда.

Е) Өзендер.

24. Көмектес септігіндегі зат есімді табыңыз.

А) Әншіден.

В) Бишіге.

С) Күйшіні.

Д) Баламен.

Е) Қаламгер.

25. Туынды зат есімді анықтаңыз.

А) Оқытушы.

В) Ғалым.

С) Ел.

Д) Жол.

Е) Қыз.

Зат есім
2-нұсқа

1. Жалпы есімді табыңыз.
 - A) Сырдария.
 - B) Бетпақдала.
 - C) Жамбыл.
 - D) Тау.
 - E) Балқаш.
2. Тәуелдік жалғаулы зат есімді табыңыз.
 - A) Басқа.
 - B) Аяғым.
 - C) Көзді.
 - D) Кеудеден.
 - E) Қолдың.
3. Көптік жалғаулы сөзді табыңыз.
 - A) Терезелер.
 - B) Орманда.
 - C) Арман.
 - D) Асхананың.
 - E) Аялдамаға.
4. Шығыс септіктегі сөзді көрсетіңіз.
 - A) Журналдар.
 - B) Қаладан.
 - C) Судың.
 - D) Гүлдер.
 - E) Жарықпен.
5. Жіктік жалғауы бар мақал-мәтелді табыңыз.
 - A) Бес саусақ бірдей емес.
 - B) Шыда, шыдасаң шығасың шыңға.
 - C) Көз - қорқақ, қол - батыр.
 - D) Отан – оттан ыстық.
 - E) Досы көпті жау алмас.
6. Жалқы есімді көрсетіңіз.
 - A) Кең көше.
 - B) Әйгілі ақын.
 - C) Абай Құнанбаев.
 - D) Қара өлең.
 - E) Қызық кітап.
7. Туынды зат есімді анықтаңыз.
 - A) Қыз.
 - B) Ғалым.
 - C) Оқытушы.
 - D) Жол.
 - E) Ел.

8. Жалқы есімді табыңыз.

- A) Асқар.
- B) Мектептің.
- C) Асхана.
- D) Аула.
- E) Кітапханада.

9. Септік жалғаулы сөзді көрсетіңіз.

- A) Шешімдері.
- B) Түрлі.
- C) Балықшы.
- D) Мақсатпен.
- E) Азаматтарымыз.

10. Зат есім тудырушы жұрнақтарды белгілеңіз.

- A) -шы,-ші.
- B) -дыр,-ыр.
- C) -с,-ыс.
- D) -дау,-деу.
- E) -лау,-леу

11. Қажеті жалғауды табыңыз.

Сен... досың.

- A) -ің.
- B) -мен.
- C) -ім.
- D) -ың.
- E) -де.

12. Заттық ұғымды білдіретін сөз табын көрсетіңіз.

- A) Сын есім.
- B) Есімдік.
- C) Сан есім.
- D) Зат есім.
- E) Етістік.

13. “Кім?” сұрағына жауап беретін сөздердің қатарын анықтаңыз.

- A) Оқушы, сатушы, биші.
- B) Кеше, бүгін, ертең.
- C) Әдемі, жақсы, таза.
- D) Бес, он бес, сегіз.
- E) Сағат, мектеп, қалам.

14. Тәуелдік жалғаулы зат есімді табыңыз.

- A) Басқа.
- B) Аяғым.
- C) Көзді.
- D) Кеудеден.
- E) Қолдың.

15. Жұрнақ арқылы жасалған зат есімді анықтаңыз.

- A) Үй.

- В) Достық.
- С) Арман.
- Д) Қол.
- Е) Дос.

16. Барыс септігіндегі сөзді табыңыз.

- А) Мұғалім.
- В) Заңгерлер.
- С) Аспаз.
- Д) Дәрігерге.
- Е) Сатушы.

17. Жатыс септіктің жалғауын табыңыз.

- А) Төсекке.
- В) Орындықтар.
- С) Айдың.
- Д) Қолмен.
- Е) Бөлмеде.

18. Жалпы зат есімді табыңыз.

- А) Сәуле.
- В) Арал.
- С) Дүкен.
- Д) Алатау.
- Е) Сәкен.

19. Етістіктен жасалған зат есімді белгілеңіз.

- А) Дәріхана.
- В) Жақсылық.
- С) Қапшық.
- Д) Бөлме.
- Е) Достық.

20. Тәуелдік септеулі қатарды ажыратыңыз.

- А) Мектептің, қыздың.
- В) Мектепте, қызымда.
- С) Мектебім, қызым.
- Д) Мектебімнің, қызымның.
- Е) Мектепке, қызымын.

21. Туынды зат есімді анықтаңыз.

- А) Білім.
- В) Отан.
- С) Өмір.
- Д) Белгілі.
- Е) Ұстаз.

22. Жалпы есімді табыңыз.

- А) Бетпақдала.
- В) Балқаш.
- С) Сырдария.
- Д) Жамбыл.

Е) Тау.

23. Дұрыс септелген сөзді табыңыз.

А) Автомобилден.

В) Автомобильден.

С) Трамвайбен.

Д) Автобуске.

Е) Машинаде.

24. Жалқы есім нені білдіретінін табыңыз.

А) Заттық ұғымды білдіретін белгілердің атын.

В) Құбылыстың атын.

С) Заттың, нәрсенің атын.

Д) Заттық ұғымды білдіретін қимылдың атын.

Е) Адамның аты-жөні, мемлекет, көше аттарын.

25. Етістіктен жасалған зат есімді белгілеңіз.

А) Қалалық.

В) Үйсіз.

С) Өтірікші.

Д) Жиын.

Е) Өткір.

Сын есім
1 - нұсқа

1. Күрделі сын есімді табыңыз.

- A) Әп-әдемі.
- B) Кемдеу.
- C) Аласалау.
- D) Сарғылт.
- E) Көкшіл.

2. Сын есімнің салыстырмалы шырайын анықтаңыз.

- A) Биіктеу.
- B) Жылдамалы.
- C) Қараңғы.
- D) Атақты.
- E) Қорқақ.

3. Сын есім кандай сөйлем мүшесі екенін белгілеңіз.

Еркін жақсы баға алды.

- A) Пысықтауыш.
- B) Баяндауыш.
- C) Толықтауыш.
- D) Бастауыш.
- E) Анықтауыш.

4. Туынды сын есімнің сұрағын анықтаңыз.

Біз отаншыл болуымыз керек.

- A) Қашан?
- B) Кім?
- C) Кімде?
- D) Қай ?
- E) Қандай?

5. Сын есім мағынасына қарай нешеге бөлінетінін анықтаңыз.

- A) 3.
- B) 6.
- C) 4.
- D) 2.
- E) 5.

6. Зат есімнен жасалған сын есімді табыңыз.

- A) Қызғылт.
- B) Мақтаншақ.
- C) Қысқалау.
- D) Тапқыр.
- E) Майлы.

7. Сын есімнің сөйлемдегі қызметін анықтаңыз.

Әлия жаңа көйлек сатып алды.

- A) Бастауыш.
- B) Баяндауыш.
- C) Пысықтауыш.

- D) Толықтауыш.
E) Анықтауыш.
8. Салыстырмалы шырайда тұрған сөздерді табыңыз.
A) Биік.
B) Ұсақ.
C) Өте ыңғайлы.
D) Ең аласа.
E) Қорқақтау.
9. Сапалық сын есімді көрсетіңіз.
A) Айнадай.
B) Ақылды.
C) Әдемі.
D) Бойшаң.
E) Өнерлі.
10. *-лау* жұрнағымен жазылатын сын есімді табыңыз.
A) Күшті.
B) Ыстық.
C) Қысқа.
D) Ақшыл.
E) Дәмді.
11. Күрделі сын есімді белгілеңіз.
A) Үлкенді-кішілі.
B) Азық-түлік.
C) Күнпарақ.
D) «Абай жолы».
E) Әкел.
12. Туынды сын есімді табыңыз.
A) Тереңдеу.
B) Қызық.
C) Таулы.
D) Әдеміше.
E) Қызыл.
13. Тәуелденген сын есімді табыңыз.
A) Айтарың бар ма?
B) Сенің балаң.
C) Жақсың қайсы?
D) Біреуің кел.
E) Ешкімің жоқ.
14. Сын есімді табыңыз.
A) Майлы.
B) Бірғақ.
C) Майлық.
D) Шырын.
E) Ертерек.
15. Салыстырмалы шырайдың жұрнағын табыңыз.

- A) -лы, -лі.
- B) -лык, -лік.
- C) -сыз, -сіз.
- D) -ғы, -гі.
- E) -лау, -леу.

16. Сын есімнің сұрағын табыңыз.

- A) Кім?
- B) Не?
- C) Қашан?
- D) Нешінші?
- E) Қандай?

17. Берілген сын есімдерге салыстырмалы шырай жұрнағын жалғаңыз.
әдемі+ ..., жақсы+ ...

- A) -теу, -тау.
- B) -ғы, -гі.
- C) -дау, -деу.
- D) -ырақ, -ірек.
- E) -леу, -лау.

18. Жұрнақ арқылы жасалған сын есімді белгілеңіз.

- A) Жас.
- B) Жазғы.
- C) Момын.
- D) Жұмсақ.
- E) Көк.

19. Сын есімнен болған антонимдік жұпты көрсетіңіз.

- A) Пайда - зиян.
- B) Жіңішке - жуан.
- C) Іші - сырты.
- D) Аш - жап.
- E) Түн - күн.

20. Салыстырмалы шырайда тұрған сөзді көрсетіңіз.

- A) Жақсылық.
- B) Жақсыда.
- C) Жақсырақ.
- D) Жақсымен.
- E) Жап-жақсы.

21. Туынды сын есімді табыңыз.

- A) Тереңдеу.
- B) Қызық.
- C) Қызыл.
- D) Әдеміше.
- E) Таулы.

22. Күрделі сын есімді табыңыз.

- A) Тұнық су.
- B) Шыдамды адам.

- C) Таза бұлақ.
- D) Ұзақ жол.
- E) Орта бойлы.

23. Сын есімнің сұрақтарын табыңыз.

- A) Кімнің? Ненің?
- B) Не істеді? Қайтті?
- C) Қанша? Неше?
- D) Қандай? Қай?
- E) Қайда? Қалай?

24. Сын есімді сөз тіркесін табыңыз.

- A) Ұзақ жол.
- B) Гүрс-гүрс естілу.
- C) Сөз сөйлеу.
- D) Тез ойлану.
- E) Шығарма жазу.

25. Сын есім негізінен сөйлемнің қандай мүшесі болатынын белгілеңіз.

- A) Толықтауыш.
- B) Пысықтауыш.
- C) Бастауыш.
- D) Анықтауыш.
- E) Баяндауыш.

Сын есім 2 - нұсқа

1. Сын есім мен зат есім тіркесін көрсетіңіз.

- A) Бес бала.
- B) Мен келдім.
- C) Үлкен мектеп.
- D) Сабақ басталды.
- E) Қоңырау соғылды.

2. Сөйлемнен сын есімдерді табыңыз.

Ақпан айының бірде жылы, бірде салқын күндерінде қар аздап ериді.

- A) Жылы, салқын.
- B) Жылы, күндерінде.
- C) Қар, еріп.
- D) Аздап, ериді.
- E) Ақпан, айынын.

3. Сын есімі бар сөз тіркесін табыңыз.

- A) Бес қыз.
- B) Алты адам.
- C) Менің атам.
- D) Сұлу әйел.
- E) Анау бала.

4. Қатыстық сын есімді анықтаңыз.

- A) Ақ.
- B) Мерекелік.
- C) Үлкен.
- D) Алыс.
- E) Биік.

5. Туынды сын есімдерді белгілеңіз.

- A) Достық, имандылық.
- B) Сауыншы, етікші.
- C) Қасиеттері, парасаттары.
- D) Жақсылық, кішіпейілділік.
- E) Мақтаншақ, тапқыр.

6. Сын есім нені білдіретінін белгілеңіз.

- A) Заттың ретін.
- B) Заттың санын.
- C) Заттың сынын.
- D) Заттың атын.
- E) Заттың қимыл-әрекетін.

7. Сын есімді табыңыз.

- A) Естігенді.
- B) Дәптерді.
- C) Әйелді.
- D) Дәмді.

Е) Кеткенді.

8. Күрделі сын есімді сөйлемді анықтаңыз.

А) Туған тілім - тірлігімнің айғағы.

В) Отан - оттан да ыстық.

С) Көше тап-таза болды.

Д) Өнер алды - қызыл тіл.

Е) Досына адал бол.

9. -лау жұрнағымен жазылатын сын есімді табыңыз.

А) Ақшыл.

В) Ыстық.

С) Қысқа.

Д) Күшті.

Е) Дәмді.

10. Сын есімді табыңыз.

А) Көз.

В) Сайын.

С) Әже.

Д) Қызық.

Е) Ара.

11. Сын есімнің сұрағын көрсетіңіз.

А) Қандай?

В) Не?

С) Кімнен?

Д) Неше?

Е) Кім?

12. Сын есімді табыңыз.

А) Ана.

В) Төмен.

С) Ботагөз.

Д) Қара.

Е) Аурухана.

13. Сын есімі бар сөз тіркесін табыңыз.

А) Менің атам.

В) Бес қыз.

С) Анау бала.

Д) Сұлу әйел.

Е) Алты адам.

14. Туынды сын есімді табыңыз.

А) Тереңдеу.

В) Қызық.

С) Таулы.

Д) Әдеміше.

Е) Қызыл.

15. Қатыстық сын есімді көрсетіңіз.

А) Тәтті.

- B) Ақшыл.
- C) Қымбат.
- D) Жарық.
- E) Аттылы.

16. Сапалық сын есім қатысып тұрған тіркесті табыңыз.

- A) Көк аспан.
- B) Он оқушы.
- C) Малдың шөбі.
- D) Ақылды адам.
- E) Білгеннің пайдасы.

17. Сын есімді табыңыз.

- A) Сонау, мына.
- B) Бес, отыз.
- C) Әрине, мүмкін.
- D) Кітап, оқушы.
- E) Қызыл, көк.

18. Сапалық сын есімді табыңыз.

- A) Ақшыл.
- B) Желсіз.
- C) Баласыз.
- D) Мейірімді.
- E) Базарлы.

19. Негізгі сын есімді көрсетіңіз.

- A) Биік.
- B) Тұсаулы.
- C) Табыскер.
- D) Білгіш.
- E) Шаруақор.

20. Салыстырмалы шырайды табыңыз.

- A) Үп-үлкен.
- B) Тым әдемі.
- C) Көгірек.
- D) Қалпақты
- E) Өте жақсы.

21. Сапалық сын есімді көрсетіңіз.

- A) Шокпардай.
- B) Үлкенірек.
- C) Малды.
- D) Түнгі.

22. Сын есімнің күшейтпелі шырайын анықтаңыз.

- A) Азырақ.
- B) Ашық.
- C) Өте ақылды.
- D) Ұсақ.
- E) Ыңғайлылау.

23. Сын есімдерді анықтаңыз.

A) Аңшы, бүркітші.

B) Ешкім, ештеңе.

C) Бес, алты.

D) Биік, аласа.

E) Барды, келді.

24. Тәуелденген сын есімді табыңыз.

A) Айтарың бар ма?

B) Жақсың қайсы?

C) Сенін балаң.

D) Біреуің кел.

E) Ешкімің жоқ.

25. Сын есім мен зат есім тіркесін көрсетіңіз.

A) Қоңырау соғылды.

B) Мен келдім.

C) Сабақ басталды.

D) Бес бала.

E) Үлкен мектеп.

Сан есім

1-нұсқа

1. Күрделі сан есімі бар сөйлемді табыңыз.
 - A) Қазақстанда елу жеті мемлекеттік қорық бар.
 - B) Қазақстанда жеті ұлттық табиғи саябақ бар.
 - C) Қазақстанда екі табиғи қорық бар.
 - D) Қазақстанда төрт республикалық мәні қорық бар.
 - E) Қазақстанда тоғыз мемлекеттік қорық бар.
2. Бөлшектік сан есімді көрсетіңіз.
 - A) Үштен бірі.
 - B) Алпысыншы.
 - C) Отызға тарта.
 - D) Он-оннан.
 - E) Тоқсан.
3. Жұрнақтарды анықтаңыз.
-ыншы, -інші, -шы, -ші.
 - A) Зат есім жасаушы жұрнақ.
 - B) Зат есімнен туынды сын есім жасаушы жұрнақ.
 - C) Етістіктен сын есім тудырушы жұрнақ.
 - D) Көсемшенің жұрнағы.
 - E) Реттік сан есімнің жұрнағы.
4. Сан есімі бар макал-мәтелді табыңыз.
 - A) Отан - оттан да ыстық.
 - B) Бес саусақ бірдей емес.
 - C) Өнер алды - қызыл тіл.
 - D) Сөйлесе білген - үйлесе біледі.
 - E) Өнерлінің өзегі талмас.
5. Топтау сан есімін табыңыз.
 - A) Екі мың.
 - B) Он-оннан.
 - C) Тоқсан бес.
 - D) Бір мың тоғыз жүз.
 - E) Екі бүтін оннан бес.
6. Күрделі сан есімді белгілеңіз.
 - A) Алтыларда.
 - B) Үшінші.
 - C) Жиырма.
 - D) Он үш.
 - E) Миллион.
7. Бөлшектік сан есімді табыңыз.
 - A) Он жеті.
 - B) Жетеу.
 - C) Оныншы.
 - D) Жиырма.

Е) Үштен бес.

8. Есептік сан есім бар мақалды көрсетіңіз.

А) Жігітке жеті өнер де аз, жетпіс өнер де көп емес.

В) Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

С) Біреу жанына жолдас, біреу малына жолдас.

Д) Біреуге өлім тілегенше, өзіңе өмір тіле.

Е) Екеу болсаң, бір-біріңмен кеңес, біреу болсаң, қабырғаңмен кеңес.

9. Топтау сан есімінің сұрақтарын анықтаңыз.

А) Қаншасы? Нешесі?

В) Нешеден? Қаншадан?

С) Нешінші? Қаншасыншы?

Д) Нешеу? Қаншау?

Е) Қанша? Неше?

10. Құрамында реттік сан есімді сөзі бар сөйлемді белгілеңіз.

А) Есіл өзенінің ұзындығы 2450 шақырым.

В) Жер шарында құстардың 8 мың 600-ден астам түрі бар.

С) Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.

Д) Ол биыл оныншы сыныпта оқып жүр.

Е) Оның тереңдігі елу төрт метрге жетеді.

11. Болжалдық сан есімнің жұрнағын табыңыз.

А) -дай, -дей.

В) -ыншы, -інші.

С) -ау, -еу.

Д) -лар, -лер.

Е) -дан, -ден.

12. Күрделі сан есімдерді көрсетіңіз.

А) Отыз алты.

В) Жетеу.

С) Бесеу.

Д) Жүз адам.

Е) Жиырма.

13. Мақал-мәтелдегі сан есімнің түрін анықтаңыз.

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

А) Есептік сан есім.

В) Реттік сан есім.

С) Жинақтық сан есім.

Д) Бөлшектік сан есім.

Е) Болжалдық сан есім.

14. Күрделі сан есімді табыңыз.

А) Екілерде.

В) Төртеу.

С) Бесінші.

Д) Алты.

Е) Үш жүз.

15. Жинақтық сан есімді белгілеңіз.

- A) Жетеу.
- B) Белбеу.
- C) Белгілеу.
- D) Істеу.
- E) Нешеу.

16. Күрделі сан есімді табыңыз.

- A) Мыңдап саналады.
- B) Елулердегі адам.
- C) Екі бүтін оннан үш пайызы.
- D) Екеуі ғана келді.
- E) Жүзінші ескерту.

17. Сан есімі бар мақал-мәтелді табыңыз.

- A) Әке - балаға сыншы.
- B) Жігітке жеті өнер де аз.
- C) Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер.
- D) Отансыз адам - ормансыз бұлбұл.
- E) Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол.

18. Сан есімге керекті тыныс белгісін анықтаңыз.

Атам 70 тен асты.

- A) Нүкте.
- B) Қос нүкте.
- C) Дефис.
- D) Жақша.
- E) Үтір.

19. Реттік сан есім нені білдіретінін көрсетіңіз.

- A) Заттың санын жинақтап көрсетеді.
- B) Заттың реттік санын білдіреді.
- C) Заттың дәл нақты санын білдіреді.
- D) Заттың санын бөлшектеп көрсетеді.
- E) Заттың санын топтап көрсетеді.

20. Жинақтық сан есімді көрсетіңіз.

- A) Жетеу.
- B) Елу мың.
- C) Жеті жүз.
- D) Жетіден бес.
- E) Қырықыншы.

21. Есептік сан есімнің сұрағын табыңыз.

- A) Қаншадан? Нешеден?
- B) Нешінші? Қай?
- C) Қанша? Неше?
- D) Қаншау? Нешеу?
- E) Қай? Қандай?

22. Дефис қойылмайтын сан есімді белгілеңіз.

- A) Төрт мың.
- B) Отыз қырықтарда.

С) Екеу үшеу.

Д) Үш төрт.

Е) Он оннан.

23. Жинақтың сан есімді табыңыз.

А) Төрттен бір.

В) Бір.

С) Жетеу.

Д) Үшінші.

Е) Сегіз.

24. Топтау сан есімі бар сөйлемді анықтаңыз.

А) Алаңға жүздей адам жиналды.

В) Емтиханға бес-бестен кірді.

С) Әжей үшінші орынға отырды.

Д) Сыныптың үштен бір бөлігі - қыздар.

Е) Әсем он жетіде.

25. Дара сан есімді анықтаңыз.

А) Он бес.

В) Жетпіс бес.

С) Бес-алты.

Д) Жиырма.

Е) Бір жүз отыз.

**Сан есім
2-нұсқа**

1. Жинақтық сан есімді анықтаныз.
 - A) Үшеу.
 - B) Үштен екі.
 - C) Бестік.
 - D) Он бес.
 - E) Төрт.
2. Дұрыс жазылған топтау сан есімді көрсетіңіз.
 - A) 10-оннан.
 - B) 10-15тен.
 - C) 20-20-дан.
 - D) Бес бестен.
 - E) Жүз жүзден.
3. Есептік сан есімді табыңыз.
 - A) Он тоғызыншы.
 - B) Жетеу.
 - C) Сегізінші.
 - D) Алтау.
 - E) Бес.
4. Топтау сан есімін көрсетіңіз.
 - A) Жүз-жүзден.
 - B) Жүздің.
 - C) Жүз бес.
 - D) Жүзінші.
 - E) Жүзден он төрт.
5. Арасына дефис қойылмайтын сан есімді анықтаңыз.
 - A) Үшеу үшеуден топталды.
 - B) 40 50 адам жиналды
 - C) 20 дан астам кітабы бар.
 - D) Екіден бірі келді.
 - E) Екі үш күннен соң келмек.
6. Жинақтық сан есімнің сұрағын табыңыз.
 - A) Неше?
 - B) Қаншаларда?
 - C) Неше-нешеден?
 - D) Нешеу?
 - E) Нешінші?
7. Топтау сан есімді көрсетіңіз.
 - A) Әркім.
 - B) Туып-өскен.
 - C) Әйгілі.
 - D) Үш-үштен.
 - E) Бәйтерек.

8. Жинақтық сан есімді анықтаныз.
- A) Үшеу.
 - B) Кітап.
 - C) Ащы.
 - D) Жоғары.
 - E) Оқыды.
9. Есептік сан есім нені білдіретінін белгілеңіз.
- A) Заттың санын жинақтап көрсетеді.
 - B) Заттың санын топтап көрсетеді.
 - C) Заттың санын болжап, шамалап көрсетеді.
 - D) Заттың реттік санын білдіреді.
 - E) Заттың санын білдіреді.
10. Күрделі сан есімді көрсетіңіз.
- A) Алтыдан.
 - B) Алтыға.
 - C) Алтыда.
 - D) Он алты.
 - E) Алтыншы.
11. Қате жазылған болжалдық сан есімді табыңыз.
- A) 1000-дап.
 - B) 100-деген.
 - C) Сағат 5-терде.
 - D) 10 даған.
 - E) Қырық-елу.
12. Жинақтық сан есімді көрсетіңіз.
- A) Алпыс бесінші.
 - B) Бес жүз елу.
 - C) Жетеу.
 - D) Он бір.
 - E) Мыңыншы.
13. Сан есімді анықтаныз.
- A) Бірлік.
 - B) Жалғыздық.
 - C) Біресе.
 - D) Бірінші.
 - E) Бәрі.
14. Есептік сан есімді көрсетіңіз.
- A) Жиырма екінші.
 - B) Он-оннан.
 - C) Екінші.
 - D) Төртеу.
 - E) Жетпіс бес.
15. Сан есім нені білдіретінін белгілеңіз.
- A) Сапаны.
 - B) Реттілікті.

- C) Түр-түсті.
- D) Атауды.
- E) Қимылды.

16. Болжалды сан есімді табыңыз.

- A) Үш жарым.
- B) Төртеу.
- C) Бесеуден.
- D) Жиырмадай.
- E) Алпыс.

17. Есептік сан есімнің күрделі түрін анықтаңыз.

- A) Он төртінші.
- B) Он төрт.
- C) Төрт-төрттен.
- D) Он-оннан.
- E) Оннан екі.

18. Сан есімді көрсетіңіз.

- A) Елуінші.
- B) Бірнеше.
- C) Шешім.
- D) Ағайын.
- E) Тәулік.

19. Дара сан есімді табыңыз.

- A) Жүз он бес.
- B) Он екі.
- C) Он екінші.
- D) Оннан бес.
- E) Жетеу.

20. Көп нүктенің орына керекті сан есімді жазыңыз.

... қырлы сырлы.

- A) Екі, бес.
- B) Төрт, үш.
- C) Тоғыз, алты.
- D) Сегіз, бір.
- E) Он, жеті.

21. Дұрыс жазылған сан есімді табыңыз.

- A) Жиырма бес.
- B) 25 ке толды.
- C) 5 сынып.
- D) 8наурыз.
- E) 7-қазан.

22. Тиісті сан есімді қойыңыз.

Ер жігіттің ... сөйлегені - өлгені..

- A) Екі бүтін үш ондық.
- B) Екінші.
- C) Екі-екіден.

D) Екі.

E) Екеу.

23. Реттік сан есімі бар сөйлемді табыңыз.

A) Қазақстаннан 50 жеке полк батальоны соғысқа қатысты.

B) Ұлы Отан соғысы 1941 жылы басталды.

C) Қазақстаннан 12 атқыштар дивизиясы соғысқа қатысты.

D) Қазақстаннан 4 атты әскер дивизиясы қатысты.

E) Қазақстаннан 7 атқыштар дивизиясы соғысқа қатысты.

24. «*Бүтін, жарым*» сөздері сан есімнің қай түрінде болатынын анықтаңыз.

A) Есептік сан есім.

B) Реттік сан есім.

C) Жинақтық сан есім.

D) Бөлшектік сан есім.

E) Болжалдық сан есім.

25. «*Жетеу*» -сан есім қай түріне жататынын анықтаңыз.

A) Реттік.

B) Топтау.

C) Есептік.

D) Бөлшектік.

E) Жинақтық.

Есімдік 1-нұсқа

1. Есімдік түрлерін анықтаңыз.

Біреуге ор қазба, өзің түсесің.

- A) Жіктеу, өздік.
- B) Белгісіздік, өздік.
- C) Сұрау, өздік.
- D) Жалпылау, өздік.
- E) Болымсыздық, өздік.

2. Жіктеу есімдіктерін анықтаңыз.

- A) Анау, мынау.
- B) Жасыл, сары.
- C) Ешкім, ештеңе.
- D) Олар, мен.
- E) Біреу, бәрі.

3. Сөйлемді толықтырыңыз.

Табиғатты қорғау - ... адамның борышы.

- A) Ешкім.
- B) Сендер.
- C) Барлық.
- D) Өзім.
- E) Олар.

4. Болымсыздық есімдікті көрсетіңіз.

- A) Ешкім.
- B) Қайда.
- C) Олар.
- D) Кім.
- E) Түгел.

5. Жалпылау есімдігін көрсетіңіз.

- A) Өзге.
- B) Ешкім.
- C) Кейбір.
- D) Ол.
- E) Күллі.

6. Жіктеу есімдігін табыңыз.

- A) Бұл.
- B) Біреу.
- C) Бәрі.
- D) Сен.
- E) Өзім.

7. Сұрау есімдіктерін көрсетіңіз.

- A) Кейбірі, біреуі.
- B) Кімнің, нең.
- C) Ешкімі, әлдеқашан.

D) Ешқашан, өзім.

E) Алмасы, қаламы.

8. Болымсыздық есімдігін табыңыз.

A) Ешкім.

B) Олар.

C) Қалай.

D) Сонау.

E) Түгел.

9. Жалпылау есімдігі қатысқан сөйлемді анықтаңыз.

A) Оқушылар жиналысқа тегіс қатысты.

B) Саған ойыншық сатып әперемін.

C) Оның ағасы ешкімге тиіспейді.

D) Бұлардың ойы іске аспады.

E) Ешкімге тіл қатушы болма.

10. Сілтеу есімдіктерін көрсетіңіз.

A) Мен, сен, сіз.

B) Кейбіреу, әлдекім.

C) Өзім, өзің, өзі.

D) Бәрі, барлық, күллі.

E) Бұл, осы, осынау.

11. «Одан, содан» есімдіктерінің қай септікте тұрғанын анықтаңыз.

A) Барыс септік.

B) Шығыс сетік.

C) Жатыс септік.

D) Көмектес септік.

E) Табыс септік.

12. Дұрыс септелген есімдікті табыңыз.

A) Менге.

B) Бұдан.

C) Сода.

D) Сеннің.

E) Сенден.

13. Сілтеу есімдігі бар сөз тіркесін көрсетіңіз.

A) Біздің үй.

B) Қай кезде.

C) Бәрі бос.

D) Осы қала.

E) Мен кезекшімін.

14. Жалпылау есімдігін көрсетіңіз.

A) Өзге.

B) Ешкім.

C) Кейбір.

D) Ол.

E) Күллі.

15. Жіктеу есімдігін белгілеңіз.

- A) Өзім.
- B) Кімде-кім.
- C) Анау.
- D) Біз.
- E) Әлдекім.

16. Көмектес септігінің жалғауы бар жіктеу есімдігін көрсетіңіз.

- A) Барлығымен.
- B) Кіммен?
- C) Ешкіммен.
- D) Өзіңмен.
- E) Сенімен.

17. Сілтеу есімдіктерінің тәуелденген түрлерін табыңыз.

- A) Бәрін, бәріне.
- B) Ешкімге, ешкімнің.
- C) Саған, сенімен.
- D) Өзіңіз, өзі.
- E) Мынауың, бұларың.

18. Жіктеу есімдіктер қатарын табыңыз.

- A) Ешкім, еш адам.
- B) Бұл, сол.
- C) Бәрі, күллі.
- D) Олар, сіздер.
- E) Біреу, әркім.

19. Өздік есімдігі бар сөйлемді табыңыз.

- A) Ол жайлы сурет салыңдар.
- B) Бұл жайлы әңгіме құраңдар.
- C) Өз пікірлеріңді айтыңдар.
- D) Сендер толық мәлімет беріңдер.
- E) Жануарлардың мінезін сипаттаңдар.

20. Жіктеу есімдігін табыңыз.

- A) Қанша.
- B) Сен.
- C) Бұл.
- D) Өзім.
- E) Біреу.

21. Тиісті есімдікті қой.

Үйде ... жоқ екен.

- A) Біреу.
- B) Қалай?
- C) Ешкім.
- D) Біз.
- E) Әлдеқайда.

22. Жұмбақтағы есімдіктің түрін анықтаңыз.

*Өзі жуас, өзі момын,
Бір шешпейді тонын.*

- A) Сұрау.
- B) Жіктеу.
- C) Белгісіздік.
- D) Болымсыздық.
- E) Өздік.

23. Сөйлемдегі есімдіктер түрін анықтаңыз.

Бұл мәселені біз талқылаймыз.

- A) Сілтеу, жіктеу.
- B) Сілтеу, белгісіздік.
- C) Болымсыздық, сілтеу.
- D) Өздік, сұрау.
- E) Жалпылау, өздік.

24. Белгісіздік есімдігін табыңыз.

- A) Өзім.
- B) Әлдекім.
- C) Оның.
- D) Қашан.
- E) Барлық.

25. Есімдіктерді табыңыз.

- A) Кім, біз.
- B) Істе, қор.
- C) Бала, мектеп.
- D) Жазғы, көктемгі.
- E) Адам, ойын.

Есімдік

2-нұсқа

1. «Қалай, мынау, біз» - сөздері қай сөз табына жататынын анықтаңыз.

- A) Зат есімдер.
- B) Сын есімдер.
- C) Есімдіктер.
- D) Етістіктер.
- E) Сан есімдер.

2. Сұрау есімдіктерін көрсетіңіз.

- A) Ешқашан, өзім.
- B) Алмасы, қаламы.
- C) Кейбірі, біреуі.
- D) Кіміңіз, нең.
- E) Ешкімі, әлдеқашан.

3. «Біреу» есімдігінің түрін анықтаңыз.

- A) Белгісіздік.
- B) Өздік.
- C) Жіктеу.
- D) Сілтеу.
- E) Келістім.

4. Сұрау есімдіктерін көрсетіңіз.

«Қашан, қайда, қай» – есімдіктің қай түріне жататынын анықтаңыз.

- A) Сұрау.
- B) Сілтеу.
- C) Белгісіздік.
- D) Болжалдық.
- E) Өздік.

5. Сілтеу есімдіктерін көрсетіңіз.

- A) Мынау, осы.
- B) Ешкім, ешқашан.
- C) Барлығы, бәрі.
- D) Мен, сен.
- E) Өзім, өздері.

6. Белгісіздік есімдігін табыңыз.

- A) Өзім.
- B) Әлдекім.
- C) Оның.
- D) Қашан.
- E) Барлық.

7. Есімдіктің сөйлемдегі қызметін анықтаңыз.

Ешкімге қиын тапсырма берілмеді.

- A) Бастауыш.
- B) Баяндауыш.
- C) Анықтауыш.

D) Толықтауыш.

E) Пысықтауыш.

8. «Кім? Не? Қандай?» есімдіктердің қай түріне жататынын белгілеңіз.

A) Өздік.

B) Сілтеу.

C) Сұрау.

D) Белгісіздік.

E) Жалпылау.

9. Болымсыздық есімдікті көрсетіңіз.

A) Ешкім.

B) Қайда.

C) Олар.

D) Кім.

E) Түгел.

10. Жалпылау есімдігін көрсетіңіз.

A) Ештеңе.

B) Мынау.

C) Сендер.

D) Түгел.

E) Өзің.

11. Сілтеу есімдіктер қатарын табыңыз.

A) Ешкім, еш адам.

B) Бұл, сол.

C) Бәрі, күллі.

D) Олар, сіздер.

E) Біреу, әркім.

12. Жіктеу есімдігі бар сөйлемді табыңыз.

A) Осы мәселе бойынша шешім қабылданды.

B) Олар мемлекетті басқарады.

C) Бұл - азаматтық борышымыз.

D) Бүгін жиналысқа өзім қатысамын.

E) Бүкіл ел атынан сөйледі.

13. Жалпылау есімдіктерді табыңыз.

A) Кеше, бүгін, түсте.

B) Өзім, ештеңе, олар.

C) Бәрі, бүкіл, барлық.

D) Мен, әрқашан, ол.

E) Ешкім, ешнәрсе, ештеңе.

14. Сөйлемдегі есімдіктердің түрін анықтаңыз.

Мен ешқашан елімді сатпаймын!

A) Жіктеу, өздік.

B) Жіктеу, болымсыздық.

C) Жалпылау, белгісіздік.

D) Сілтеу, жалпылау.

E) Жіктеу, сілтеу.

15. «Ешкім, ештеңе, ешқашан» есімдігінің түрін белгілеңіз.

- A) Белгісіздік.
- B) Өздік.
- C) Болымсыздық.
- D) Сілтеу.
- E) Сұрау.

16. Жалпылау есімдіктерді табыңыз.

- A) Ешкім, ешнәрсе, ештеңе.
- B) Өзім, ештеңе, олар.
- C) Кеше, бүгін, түсте.
- D) Мен, әрқашан, ол.
- E) Бәрі, бүкіл, барлық.

17. Сұрау есімдігін көрсетіңіз.

- A) Бұлар.
- B) Әлдекім.
- C) Ешкім.
- D) Өзім.
- E) Қайда.

18. Сілтеу есімдіктерді көрсетіңіз.

- A) Мен, сен, сіз.
- B) Кейбіреу, әлдекім.
- C) Бұл, осы, осынау.
- D) Бәрі, барлық, күллі.
- E) Өзім, өзің, өзі.

19. Жіктеу есімдіктерін анықтаңыз.

- A) Анау, мынау.
- B) Жасыл, сары.
- C) Ешкім, ештеңе.
- D) Олар, мен.
- E) Біреу, бәрі.

20. Есімдік түрлерін анықтаныз.

Әркімнің өз жері - жұмақ.

- A) Жіктеу, өздік.
- B) Болымсыздық, өздік.
- C) Белгісіздік, өздік.
- D) Жалпылау, өздік.
- E) Сұрау, өздік.

21. Тиісті есімдікті қойыңыз:

... сабақ оқыдым.

- A) Ол.
- B) Мен.
- C) Олар.
- D) Кім.
- E) Біреу.

22. Көп нүктенің орнына тиісті есімдікті қойыңыз.

*... үлкен жануар,
Үстінде екі тауы бар.*

A) Әркашан.

B) Ешқашан.

C) Сенің.

D) Қашан.

E) Өзі.

23. Тәуелдеулі септелген сілтеу есімдігін көрсетіңіз.

A) Оның.

B) Оған.

C) Оны.

D) Онысын.

E) Одан.

24. Жіктеу есімдігін табыңыз.

A) Бұл.

B) Біреу.

C) Бәрі.

D) Сен.

E) Өзім.

25. Сілтеу есімдігі бар сөз тіркесін көрсетіңіз.

A) Сенің ауылың.

B) Менің добым.

C) Мынаның ісі.

D) Өзімнің балам.

E) Нешінші сынып?

Етістік
1-нұсқа

1. Бұйрық райдың III жақта тұрған жалғауын анықтаңыз.

- A) -йық.
- B) -айық.
- C) -ңыздар.
- D) -сын.
- E) -ңдар.

2. Сөйлемді аяқтаңыз.

Мен көрмеге барды...

- A) -ңыз.
- B) -к.
- C) -ндар.
- D) -м.
- E) -ған.

3. Ауыспалы келер шақтағы сөйлемді табыңыз.

- A) Мектеп бітірушілер залға кіріп жатыр.
- B) Қалпақ киген біреу ортаға шықты.
- C) Ол талапты суретші саналатын.
- D) Түстен кейін үшеуі мектепке келеді.
- E) Түсте оның жұмысы аяқталды.

4. Дара етістікті белгілеңіз.

- A) Жазып берді.
- B) Айта алмай қалды.
- C) Жуынды.
- D) Мәз болды.
- E) Көрген екен.

5. Болымды етістікті белгілеңіз.

- A) Мазалама.
- B) Қима.
- C) Шегелеме.
- D) Жоғалтпа.
- E) Шақыр.

6. I жақтағы етістікті табыңыз.

- A) Сызды.
- B) Қолдану.
- C) Айтпа.
- D) Келме.
- E) Шақырдым.

7. Дара етістікті табыңыз.

- A) Ойнап-күліп жүрді.
- B) Жығыла жаздады.
- C) Жалп-жалп етті.
- D) Емтихан тапсырды.
- E) Оқып отыр.

8. Етістікті табыңыз.

- A) Шегеле.
- B) Мәреге.
- C) Бөдене.
- D) Шағала.
- E) Терезе.

9. Нақ осы шақтағы етістігі бар сөйлемді белгілеңіз.

- A) Ұлдар әр жерден шұңқыр қазды.
- B) Балалар шелекпен су әкелді.
- C) Қыздар ағаштарды отырғызды.
- D) Мектеп ауласында ағаштардың саны артты.
- E) Кішкентай балалар ағаштарды санап тұр.

10. Шартты райлы етістікті көрсетіңіз.

- A) Сонда да айтқысы түсіп, танығысы келеді.
- B) Бұл арада ешкім жоқ, барлығы тамаққа кеткен.
- C) Мен сені ақ көңіл жайдарлы жігіт пе деп ойлайтын едім.
- D) Ол оның шешесі болса, сенің де шешең.
- E) Одан кейін ешкім сөйлемеді.

11. Болымсыз етістігі бар сөйлемді табыңыз.

- A) Қазақ жерінде қолөнер жақсы дамыған.
- B) Жүннен тоқылған киім жылы болады.
- C) Киіз үйдің ішіне кілем төселмеген.
- D) Ұстамен жақын болсаң, ісің бітер.
- E) Гобелен тоқу өнері жас суретшілерді қызықтырады.

12. Мақсатты келер шақты көрсетіңіз.

- A) Жұмысты ұйымдастыру жағында істермін.
- B) Маған не үшін ренжіп жүрсің?
- C) Сіздер менің алдымда сөйлеп отырсыздар ғой.
- D) Өзің осы жерде тіліңді безеп тағы қанша тұрмақсың, соныңды айтшы.
- E) Тәкежанның бұлтағын естімей жүр.

13. I жақта тұрған шартты райдағы етістікті көрсетіңіз.

- A) Берсек.
- B) Бергісі келеді.
- C) Берсін.
- D) Берсе.
- E) Бермеу.

14. Туынды етістікті анықтаңыз.

- A) Байқа.
- B) Отыр.
- C) Айт.
- D) Достас.
- E) Көр.

15. Келер шақты табыңыз.

- A) Бар.
- B) Барған.

- C) Бара жатыр.
 - D) Барды.
 - E) Барады.
16. Болжалды келер шақ етістікті табыңыз.
- A) Айтқызбақпын.
 - B) Айтқызармын.
 - C) Айтқызамын.
 - D) Айтқызып тұрмын.
 - E) Айтқызды.
17. Негізгі етістікті анықтаңыз.
- A) Арқала.
 - B) Баста.
 - C) Еңбектен.
 - D) Ақылдас.
 - E) Сал.
18. Қалау райда тұрған сөйлемді табыңыз.
- A) Менің оқығым келеді.
 - B) Отан үшін жан пида.
 - C) Кешке алтыбақан құрамын.
 - D) Шаттықты уыстан шығарма.
 - E) Тарығамай көптік қылмайды.
19. Етістік нені білдіретінін көрсетіңіз.
- A) Заттың ретін, санын.
 - B) Заттың атын.
 - C) Заттың іс-әрекетін, қимылын.
 - D) Заттың түрін, сапасын.
 - E) Заттың салмағын.
20. Туынды етістікті анықтаңыз.
- A) Сыпыр.
 - B) Бол.
 - C) Апар.
 - D) Сана.
 - E) Кел.
21. Бұйрық райлы етістікті көрсетіңіз.
- A) Келіпті.
 - B) Келсін.
 - C) Келермін.
 - D) Келсе.
 - E) Келгім келеді.
22. Өткен шақтағы етістікті табыңыз.
- A) Отырармын.
 - B) Отырдым.
 - C) Отырмассың.
 - D) Отырмын.
 - E) Отырарсың.

23. Ауыспалы осы шақтың болымсыз түріндегі етістікті анықтаңыз.

- A) Абай күлместен, мысқылдай қарады.
- B) Түйебай тентектеу, көбіне шешесінің тілін алмайды.
- C) Біз бұл жұмысты үйренер емеспіз.
- D) Ойын-күлкінің қызығымен таң атқанын да білмей қалдық.
- E) Мен өлімнен тайсалдым.

24. Шартты райлы етістікті көрсетіңіз.

- A) Үйге келген кісілерді танымайды.
- B) Екеуі жол қысқаруына бір-біріне ермек, серік болды.
- C) Бұл қайсың, Мұратпысың?
- D) Ол жұмысты үнемі осылай жақсы істейді.
- E) - Қалқам-ай, неге тұрдың, ұйықтасаң едің!- деген Айбала.

25. Етістіктің нақ осы шақ түрін көрсетіңіз.

- A) Баратын.
- B) Бара жатыр.
- C) Бардым.
- D) Барар.
- E) Бармақшы.

Етістік 2-нұсқа

1. Ауыспалы өткен шақта тұрған етістікті көрсетіңіз.
 - A) Тоң қапа берсін, біз өмірдің көркемдігін осылай көргенбіз.
 - B) Оның пәтерінде Абайдың суреті ілулі тұратын.
 - C) Бұл арада ешкім жоқ, барлығы тамаққа кеткен.
 - D) Қазір Базаралы жол жүретіндей киініп алыпты.
 - E) Доктор тағы үндемей қалды.
2. Етістіктің жедел өткен шағын табыңыз.
 - A) Жеткізді.
 - B) Жеткізген.
 - C) Жеткізетін.
 - D) Жеткізеді.
 - E) Жеткізер.
3. Көп нүктенің орнына осы шақтағы етістікті қойыңыз.
Қызыл кітапқа сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер
 - A) Тіркелді.
 - B) Тіркеледі.
 - C) Тіркелген.
 - D) Тіркелер.
 - E) Тіркелмекші.
4. Ашық рай етістігін көрсетіңіз.
 - A) Жазыңдар.
 - B) Жазғым келеді.
 - C) Жаздым.
 - D) Барғысы келеді.
 - E) Бар.
5. Зат есімнен жасалған етістікті табыңыз.
 - A) Домбыра.
 - B) Шеқарашы.
 - C) Әке-шеше.
 - D) Ойла.
 - E) Дәріхана.
6. Етістіктің болымсыз түрін табыңыз.
 - A) Жаз ба? Жаз дегенің керемет қой.
 - B) Мына жазбалар архивте сақталады.
 - C) Көркем сурет көрмесі ертең ашылады.
 - D) Кірме сөздер әрбір сөздің лексикасында бар.
 - E) Мен бүгін шығарма жазбаймын.
7. II жақта тұрған бұйрық райдағы етістікті көрсетіңіз.
 - A) Сен қызметіңе бүгін баршы.
 - B) Ербол, ақылға сыймаса да мен бір сөз айтайын ба?
 - C) Телефонды тастай салып, кереуетіне отыра кетті.
 - B) Бәріміз бірге оқыдық.
 - E) Амантайдың жігітке көмектескісі келеді.

8. Етістіктің неше райы бар.
- A) 2.
 - B) 3.
 - C) 4.
 - D) 6.
 - E) 5.
9. Етістік тудырушы жұрнақты көрсетіңіз.
- A) -шы.
 - B) -у.
 - C) -ла.
 - D) -ға.
 - E) -рақ.
10. Нақ осы шақтағы етістікті табыңыз.
- A) Сызған.
 - B) Аштым.
 - C) Көріп отыр.
 - D) Аударса.
 - E) Жаптым.
11. Болымсыз етістікті көрсетіңіз.
- A) Отыр.
 - B) Барар.
 - C) Барды.
 - D) Бармақ.
 - E) Барма.
12. Осы шақтағы етістікті табыңыз.
- A) Келді.
 - B) Әкеле жатыр.
 - C) Барып келеді.
 - D) Айтып кетті.
 - E) Сұрайды.
13. Шартты райлы етістікті табыңыз.
- A) Тыңда, дала, Жамбылды.
 - B) Ол күрестен жеңіліп қалып жүр.
 - C) Сенің де айтқаның болсын.
 - D) Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ.
 - E) Мен келсем, сен кетесің.
14. Бұйрықты сөйлемді анықтаңыз.
- A) Қазақ жері кенге бай.
 - B) Бұл қандай көл.
 - C) Қазақстан - тәуелсіз мемлекет.
 - D) Күн қандай тамаша.
 - E) Елдің бірлігі, ынтымағы нығая берсін.
15. Етістіктің түрін анықтаңыз.
- Елін сүйген адам тілін де жақсы көреді.*
- A) Тұйық етістік.

В) Туынды етістік.

С) Күрделі етістік.

Д) Дара етістік.

Е) Негізгі етістік.

16. Туынды етістікті анықтаңыз.

А) Сыпыр.

В) Бол.

С) Апар.

Д) Сана.

Е) Кел.

17. Негізгі етістікті анықтаңыз.

А) Арқала.

В) Баста.

С) Еңбектен.

Д) Ақылдас.

Е) Сап.

18. Тәуелдік жалғауы бар қалау райда тұрған етістікті көрсетіңіз.

А) Ал келген жігіттерін ең алдымен маған жіберіңіздер.

В) Көп оқу - білім алудың негізгі шарты.

С) Асқардың Асанды көре кеткісі келді.

Д) Бұл тарихи шындықты көрмеу - құр білместік.

Е) Гүрілдеп келген жаудан күлімдеп келген қас жаман.

19. Болымсыз етістікті табыңыз.

А) Жағалас.

В) Жоғалт.

С) Кешік.

Д) Берме.

Е) Бөгел.

20. Туынды етістікті табыңыз.

А) Айтпады.

В) Кет.

С) Көрді.

Д) Жаз.

Е) Есепте.

21. Тұйық етістігі бар мақал-мәтелді табыңыз.

А) Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен жақсы.

В) Жаман аттан аяғым артық, жаман достан таяғым артық.

С) Білім - арзан, білу - қиын.

Д) Адам досымен мықты, ағаш тамырымен мықты.

Е) Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады.

22. Етістіктің рай атауын көрсетіңіз.

А) Келер.

В) Қалау.

С) Өткен.

Д) Болымды.

Е) Қысаң.

23. II жақтағы етістікті табыңыз.

А) Жеді.

В) Барып келді.

С) Өттім.

Д) Іштің.

Е) Барар.

24. Болымсыз етістігі бар сөйлемді табыңыз.

А) Табиғат - халық қазынасы.

В) Адамдардың табиғатсыз күні болмайды.

С) Табиғаттың байлығын қорғай білуіміз керек.

Д) «Халықаралық табиғат қорғау қоғамы» құрылған.

Е) Қазақстанда аң-құстар, өсімдіктер қамқорлыққа алынған.

25. Зат есімнен жасалған туынды етістікті табыңыз.

А) Екеулес.

В) Тазала.

С) Көмектес.

Д) Әдемілен.

Е) Ақта.

Шылаулар

1-нұсқа

1. «*Бірге, қатар*» шылаулары тіркесетін септіктерді табыңыз.
 - A) Атау септік.
 - B) Барыс септік.
 - C) Жатыс септік.
 - D) Көмектес септік.
 - E) Шығыс септік.
2. Демеулік шылауды табыңыз.
 - A) Ма, ме.
 - B) Әйтпесе.
 - C) Сонда.
 - D) Үшін.
 - E) Шейін.
3. Ыңғайлас жалғаулығын көрсетіңіз.
 - A) Бірақ.
 - B) Әлде.
 - C) Себебі.
 - D) Бірде.
 - E) Мен.
4. «*Үшін, арқылы, туралы*» шылаулары қай шылау тобына жататынын анықтаңыз.
 - A) Қарсылықты.
 - B) Демеулік.
 - C) Жалғаулық.
 - D) Шартты.
 - E) Септеулік.
5. *Септеулік, демеулік, жалғаулық* болып қай сөз тобы анықтаңыз.
 - A) Шылау.
 - B) Сын есім.
 - C) Сан есім.
 - D) Етістік.
 - E) Зат есім.
6. Септеулік шылауы бар сөйлемді анықтаңыз.
 - A) Біз де естіп, қуанып жатырмыз.
 - B) Батырлар туралы мақала жаздым.
 - C) Аман-есенсің бе?
 - D) Жанар да, Қанат та үлгілі оқушылар.
 - E) Жазда бәрі ауылға барады.
7. Тежеу демеулік шылаулы сөйлемді табыңыз.
 - A) Сен де түсінгеніңді айт.
 - B) Қөргеніңді ғана айтсаңшы.
 - C) Бос жүгіре бергеніңді қой.
 - D) Түске дейін бәрін орындадым.
 - E) Қорқып кетпеймісің? - деді.

8. Жалғаулық шылаумен байланысқан құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Аққулар тобы судан бірден көтерілді, сонынан басқасы да ерді.
 - B) Мұнда бұрыннан танитын қарттар бар және екі-үш бестен кісі бар.
 - C) Оқыған кітабымды және көрген киномы айтып бердім.
 - D) Ол маған көмектескісі келеді, мен де оған көмектесуді ойладым.
 - E) Айман Арманға қарады, Арман болса төмен қарады.
9. «Үшін» шылауы қай септіктен келетінін көрсетіңіз.
- A) Ілік.
 - B) Барыс.
 - C) Шығыс.
 - D) Атау.
 - E) Табыс.
10. «Немесе» жалғаулығының түрін анықтаңыз.
- A) Талғаулықты.
 - B) Себеп-салдар.
 - C) Ыңғайлас.
 - D) Кезектес.
 - E) Қарсылықты.
11. Қарсылықты жалғаулықтарды анықтаңыз.
- A) Бірақ, әйтпесе.
 - B) Мен, пен, бен, және.
 - C) Кейін, басқа.
 - D) Қатар, бірге.
 - E) Себебі, өйткені, сондықтан.
12. Шылау сөздердің түрлерін көрсетіңіз.
- A) Септік жалғаулар.
 - B) Анықтауыш, жалғаулық.
 - C) Демеулік, септеулік, жалғаулық.
 - D) Етістік, есімдік.
 - E) Бастауыш, баяндауыш.
13. Көп нүктенің орнына сұраулық шылауын жазыңыз.
Сенің қолыңдағы сызғыш ... ?
- A) –шы.
 - B) па.
 - C) түгіл.
 - D) –мыс.
 - E) тұрсын.
14. Кезектес жалғаулық шылауын табыңыз.
- A) Арқылы.
 - B) Түгіл.
 - C) Бірде.
 - D) Және.
 - E) Туралы.
15. Қарсылықты жалғаулық шылауды табыңыз.
- A) Олар не бүгін келеді, не ертең келеді.

- В) Ол кеше көп ойнаған, сондықтан бүгін демалды.
- С) Олар біресе ойнайды, біресе отырады.
- Д) Біз кешке сабақ оқимыз және теледидар көреміз.
- Е) Бүгін ерте шықтық, бірақ сабақтан сонда да қалып қойдық.

16. Кезектес жалғаулық шылауын табыңыз.

- А) Арқылы.
- В) Түгіл.
- С) Бірде.
- Д) Және.
- Е) Туралы.

17. Демеулік шылауды табыңыз.

- А) Ертен мектепке келесің бе?
- В) Не мен, не сен дүкенге барасың.
- С) Айтқанына сенгім келеді.
- Д) Ақындық пен әншілікті қатар алып жүру оңай емес.
- Е) Үйдің үлкені де, кішісі де - осы.

18. Ыңғайлас жалғаулықты көрсетіңіз.

- А) –шы.
- В) және.
- С) -мыс.
- Д) ақ.
- Е) түгіл .

19. Кезектес жалғаулығық шылауын көрсетіңіз.

- А) Себебі.
- В) Мен.
- С) Біресе.
- Д) Сондықтан.
- Е) Менен.

20. Көп нүктенің орнына керекті демеулікті қойыңыз.

Сапарың сәтті болды...?

- А) ма.
- В) бе.
- С) ба .
- Д) ақ.
- Е) ме.

21. Көп нүктенің орнына күшейткіш шылауын жазыңыз.

Мына ағаштың биігін - ... !

- А) –ау.
- В) –шы.
- С) - мыс.
- Д) –міс.
- Е) –ай.

22. Кезектес жалғаулықты көрсетіңіз.

- А) Өйткені.
- В) Әлде.

- C) Және.
- D) Біресе.
- E) Әрі.

23. Одағайы бар сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Қазіргі кезде интернет ешкімге де таң емес.
- B) Жастардың көбі жеңіл музыканы ұнатады.
- C) Ой! Сонда қалай болды?
- D) Билл Гейтс - қазір дүниедегі ең бай адам.
- E) Интернет жүйесі арқылы жүздеген елдермен байланыса аласың.

24. Жалғаулық шылауды табыңыз.

- A) Үшін.
- B) Кеш.
- C) Ақ.
- D) Бірақ.
- E) Екеш.

25. Дұрыс қолданылған шылауды табыңыз.

- A) Жұмыстан соң.
- B) Тойға кейін.
- C) Менен қатар.
- D) Жұмыстан қатар.
- E) Мектепке соң.

Шылаулар 2-нұсқа

1. «-ақ» демеулігінің түрін ажыратыңыз.
 - A) Болымсыздық.
 - B) Болжалдық.
 - C) Күшейткіш.
 - D) Ыңғайластық.
 - E) Кезектес.
2. Шылауы бар сөйлемді табыңыз.
 - A) Түнде қайда болдың?
 - B) Халқыңа адал еңбек қыл.
 - C) Қанат досымен әңгімелесіп тұр.
 - D) Шаңғымен төмен қарай зырлап келеді.
 - E) Бүгін биге кім барады?
3. Сұраулық шылау қатысып тұрған қатарды көрсетіңіз.
 - A) Сен әкел(ме).
 - B) Өтірік айт(па).
 - C) Сенейін(бе), сенбейін(бе).
 - D) Жаман әдетке үйрен(бе).
 - E) Сен сен(бе).
4. Шылауды табыңыз.
 - A) Басты мәселе – оқу үлгерімі.
 - B) Сөз – өмірдің үлкен қаруы.
 - C) Үміт өрге тартады, үмітсіздік көрге тартады.
 - D) Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.
 - E) Ой жетпейтін жер болмайды.
5. Мына сөйлемге қай шылау лайық, көрсетіңіз.
Алтынсары қадалған ..., оның кескіні құбыла бастады.
 - A) Таман.
 - B) Туралы.
 - C) Қарай.
 - D) Сайын.
 - E) Тарта.
6. Шылау сөздер білдіретін мәні мен сөйлемде атқаратын қызметіне қарай нешеге бөлінеді, көрсетіңіз.
 - A) 2.
 - B) 5.
 - C) 3.
 - D) 4.
 - E) 1.
7. «Гөрі, үшін, сайын» шылаудың қай түрі екенін белгілеңіз.
 - A) Жалғаулық.
 - B) Тәуелдік.
 - C) Жіктік.
 - D) Демеулік.

Е) Септеулік.

8. «Себебі, сол себепті» жалғаулықтарының түрін ажыратыңыз.

А) Талғаулықты.

В) Ыңғайластық.

С) Себеп-салдар.

Д) Кезектес.

Е) Қарсылықты.

9. Көмектес септігімен тіркесетін шылаулар қатарын көрсетіңіз.

А) Біресе, кейде.

В) Сондықтан, алайда.

С) Бірге, қатар.

Д) Не, немесе.

Е) Және, әрі.

10. Барыс септігіндегі сөзбен тіркесетін септеулік шылауды табыңыз.

А) Өйткені.

В) Дейін.

С) Тұрсын.

Д) Сондықтан.

Е) Бірде.

11. Қарсылықты жалғаулық шылауды табыңыз.

А) Ол кеше көп ойнаған, сондықтан бүгін демалды.

В) Біз кешке сабақ оқимыз және теледидар көреміз.

С) Олар біресе ойнайды, біресе отырады.

Д) Олар не бүгін келеді, не ертең келеді.

Е) Бүгін ерте шықтық, бірақ сабақтан сонда да қалып қойдық.

12. Жалғаулық шылауды табыңыз.

А) Аяқ (пен) жүр.

В) Қол (мен) ұста.

С) Бас (пен) ойла.

Д) Мұрын (мен) демал.

Е) Дос (пен) қас.

13. Демеулік шылауларды табыңыз.

А) Қатар, кабат, деп.

В) Да, де,-ақ,-ау.

С) Дейін, және, әрі.

Д) Шейін, дейін.

Е) Таман, қарай.

14. Септеулік шылаулары бар сөйлемді табыңыз.

А) Сенімен бірге сабақтан кейін барамын.

В) Сен де келдің, ол да жетті.

С) Сен ғана керексің.

Д) Өттең-ай, десеңші, жақсы адам еді.

Е) Жақсы кітап сатып алыпсың ғой.

15. Демеулік шылауы бар сөйлемді табыңыз.

А) Марат менімен бірге жүрсін.

- B) Мен өзім-ақ көмектесемін.
- C) Сабақтан кейін жиналыңдар.
- D) Үйге қарай жүгірме.
- E) Мен туралы ойла.

16. Қай сөз тобына жатады.

«Қарай, сайын»

- A) Сын есім.
 - B) Етістік.
 - C) Шылау.
 - D) Одағай.
 - E) Зат есім.
17. Шылау сөздерге жататын қатарды белгілеңіз.
- A) Еліктеу сөздер.
 - B) Жалғаулықтар.
 - C) Бастауыш.
 - D) Оқшау сөздер.
 - E) Баяндауыш.

18. Септеулік шылауды табыңыз.

- A) Япырмау, неткен ғажап күй!
 - B) Біз табиғатқа қамқорлық жасауымыз керек.
 - C) Сабақтан соң біз театрға бардық.
 - D) Менің әпкем тілмаш болғысы келеді.
 - E) Жаңбыр жауса, жер көгерер.
19. «Гөрі» шылауы қай септікте қолданылатынын көрсетіңіз.

- A) Атау.
- B) Шығыс.
- C) Барыс.
- D) Көмектес.
- E) Ілік.

20. Демеулік шылауды табыңыз.

- A) Тұсаукесер дәстүрі туралы білесің бе?
- B) Осы елдің әйгілі жүйрік атын мінеді.
- C) Қабанбайдың шын аты - Ерасыл.
- D) Жүйрік атпен арлы-берлі ағызып өтті.
- E) Оның Қабанбай аталуы да қызық.

21. Демеулік шылауды табыңыз.

- A) Жиренше серіктерімен алыс жолдан келе жатты.
- B) Үш ай қыстан кейін көктем келеді.
- C) Олар жылдан-жылға көбею үстінде.
- D) Бұл жерде ескерткіш ашылғанға дейін, ештеме болған жоқ.
- E) Қолына домбыра берсең, шырқай бастай ма?

22. Демеулік шылауды табыңыз.

- A) Сонда.
- B) Шейін.
- C) Гөрі.

D) Ма, ме.

E) Әйтпесе.

23. Сұраулық шылауды табыңыз.

A) Ма, ме.

B) Қарай, таман.

C) Туралы, үшін.

D) Ғана, тек.

E) Кейін, шейін.

24. Жалғаулық шылау катысқан сөйлемді табыңыз.

A) Батыр туса - ел ырысы.

B) Ғылым - теңіз, білім - қайық.

C) Өткен сабақта болған жоқпын, сондықтан тапсырманы орындай алмадым.

D) Жақсы сөз - жарым ырыс.

E) Менің дәрігер болғым келеді.

25. Сөйлемдегі шылаудың қандай мағына беріп тұрғанын анықтаңыз.

Әй, Жалақ-ай, абырой алмай-ақ өлдің-ау.

A) Нақтылау.

B) Сұраулық.

C) Күшейткіш.

D) Болымсыздық.

E) Шектік.

Синтаксис
Сөйлем түрлері
1-нұсқа

1. Жақсыз сөйлемді белгілеңіз.

- A) Мерзімдік басылымдар бұқаралық ақпарат құралдары деп аталады.
- B) Иә, келемін.
- C) Әркімнің газет-журналдарды жазғызып алуына болады.
- D) «Жас алаш» газеті.
- E) Көптеген газеттерде теледидар бағдарламасы, ауа райы жайында мәліметтер бар.

2. Дұрыс құрылған сөйлемді белгілеңіз.

- A) Күләштің дарыны әншілік әкесінің байқалды әндерін тыңдаған.
- B) Әкесінің әндерін тыңдаған Күләштің әншілік дарыны байқалды.
- C) Байқалды әндерін әкесінің дарыны тыңдаған Күләштің әншілік.
- D) Әншілік әндерін байқалды дарыны Күләштің әкесінің тыңдаған.
- E) Дарыны байқалды әншілік Күләштің әндерін тыңдаған әкесінің.

3. Жақты сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Самат мені таныды.
- B) Орынсыз сұрақтар қоюға болмайды.
- C) Түрінен ештеңе байқап болмайды.
- D) Баланы жаман үйретпеу керек.
- E) Зал толы халық.

4. Жалаң сөйлемді анықтаңыз.

- A) Үлкен жетістікке жеттік.
- B) Бүгін күн суық.
- C) Адам үшін ең қымбат нәрсе - уақыт.
- D) Уақыт алтыннан да қымбат.
- E) Жаңбыр жауды.

5. Жақсыз сөйлемді табыңыз.

- A) Тізім бойынша тексерілді.
- B) Бұны білмеуіміз мүмкін.
- C) Уәде берсең, орында.
- D) Айту - менің парызым.
- E) Айтқан уәдесін орындады.

6. Жайылма сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Таң атты.
- B) Күн шықты.
- C) Мұғалім көңілді.
- D) Мектеп тап-таза.
- E) Оқу басталатын уақыт та жетті.

7. Жалаң сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Жерге кіріп кете жаздады.
- B) Анамды жақсы көремін.
- C) Сабақ соңында айтты.
- D) Гүлім тез өсті.

Е) Мұғалім оқып берді.

8. Жақты сөйлемді анықтаңыз.

А) Кітап алғым келеді.

В) Үлкен жетістік.

С) Бүгін демалыс.

Д) Біз нарықтық экономикаға бет бұрдық.

Е) Уақытты жоспарлай білу керек.

9. Жақсыз сөйлемді анықтаңыз.

А) Қорықта көптеген орман-тоғайлар бар.

В) Марқакөлдің суы таза, тұщы.

С) Бүгінгі Түркістан — үлкен, әсем қала.

Д) Анасын баладан айыруға болмайды.

Е) Әр халықтың тарихында ерекше қадірлі жерлер бар.

10. Жайылма сөйлемді көрсетіңіз.

А) Ауыл орналасып жатыр.

В) Сусын ішіп отыр.

С) Екеуі сурет салды.

Д) Тіршілік атаулы оянды.

Е) Анам жинап жатыр.

11. Берілген жай сөйлемнің түрін анықтаңыз.

Мұғалім кеше оқушыларды сенбілікке шақырды.

А) Жақсыз сөйлем.

В) Толымды сөйлем.

С) Атаулы сөйлем.

Д) Сұраулы сөйлем.

Е) Толымсыз сөйлем.

12. Жалаң сөйлемді белгілеңіз.

А) Халық бар жерде - тіл де бар.

В) Еліміз Елтаңбасымен еңселі.

С) Мен сені жақсы көремін.

Д) Елдіктің белгісі іспетті.

Е) Зерттеулер бар.

13. Жақты сөйлемді анықтаңыз.

А) Біз нарықтық экономикаға бет бұрдық.

В) Үлкен жетістік.

С) Бүгін демалыс.

Д) Уақытты жоспарлай білу керек.

Е) Кітап алғым келеді.

14. Сұраулы сөйлемді анықтаңыз.

А) Бұл қандай дәстүр

В) Қазақстан - тәуелсіз мемлекет

С) Елдің бірлігі, ынтымағы нығая берсін

Д) Гүлдей бер, туған жерім

Е) Әр елдің салты басқа

15. Жай сөйлемді белгілеңіз.

А) Қазіргі талап мүддесінен шыға отырып, бойымызға бәсекеге қабілеттілік қасиетін орнықтыруымыз қажет.

В) Өркениетті ел болу үшін білім алып, аянбай еңбек етеміз.

С) Өмірдің өзі мәңгілік күрес, ол ешқашан тоқтамақ емес.

Д) Әлемдік өркениет - алдымызда, біз сол көштен қалмауымыз керек.

Е) Елбасының бағдарламасын біз қолдаймыз.

16. Барлық сөйлем мүшелері бар жай сөйлемнің түрін табыңыз.

А) Атаулы сөйлем.

В) Жалаң сөйлем.

С) Толымды.

Д) Толымсыз.

Е) Жақсыз.

17. Сұраулы сөйлемді табыңыз.

А) Елдіктің белгісі іспетті

В) Жә, бол

С) Үйде Асан бар ма

Д) Күн көтерілді

Е) Сен оған барма

18. Сөйлемді анықтаңыз.

Көктем. Қараңғы дала.

А) Жалаң сөйлем

В) Жайылма сөйлем.

С) Жақты сөйлем.

Д) Толымсыз сөйлем.

Е) Атаулы сөйлем.

19. Сұраулы сөйлемнің жасалу жолдарын көрсетіңіз.

А) Қосымшалар.

В) Сөз тіркестері.

С) Сұраулық есімдік, шылаулар.

Д) Сөздер, шылаулар

Е) Жалғаулықтар.

20. Жалаң сөйлемді көрсетіңіз.

А) Ардақ еш уақытта мұндай қуанған емес.

В) Түн. Дала жым-жырт.

С) Жоғары қарады.

Д) Оқушы тыңдады.

Е) Ауылға көз салды.

21. Жай сөйлемнің түрін белгілеңіз.

Күндіз-түні жұмыс істеуге тура келді.

А) Жалаң, жақты.

В) Атаулы.

С) Толымсыз.

Д) Толымды.

Е) Жақсыз, жайылма.

22. Жақсыз сөйлемді анықтаңыз.

- A) Өзгерістер көп.
- B) Үлкен жетістікке жетті.
- C) Жері байдың - елі бай.
- D) Зор денсаулық тілейміз.
- E) Бұл жерде суға түсуге болмайды.

23. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді табыңыз.

- A) Жастар - еліміздің мақтанышы.
- B) Жер біздің - ортақ үйіміз.
- C) Талап талмас - қанат.
- D) Ақылды, қария ағып жатқан дария.
- E) Айту менің парызым.

24. Жалаң сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Біз нарықтық экономикаға бет бұрдық.
- B) Елімізде көптеген кәсіпорындар пайда болды.
- C) Ол жүгіре жөнелді.
- D) Демократиялық істерді жүзеге асырамыз.
- E) Олар мемлекетке салық төлеп тұрады.

25. Белгілі бір атау мағынасын білдіретін сөйлем түрін көрсетіңіз.

- A) Мезгіл.
- B) Жайылма.
- C) Құрмалас.
- D) Жай.
- E) Атаулы.

Сөйлем түрлері

2-нұсқа

1. Тандану, қуану сияқты сезімдерді көрсететін сөйлем түрін табыңыз.

- A) Жақсыз.
- B) Лепті.
- C) Толымды.
- D) Жақты.
- E) Атаулы.

2. Дұрыс құрылған сөйлемді белгілеңіз.

- A) Суық жерде жылқының қатпайды сорпасы, тоңазымайды майы.
- B) Сорпасы қатпайды, майы тоңазымайды суық жерде жылқының.
- C) Жылқының сорпасы қатпайды, майы тоңазымайды суық жерде.
- D) Сорпасы қатпайды, майы тоңазымайды жылқының суық жерде.
- E) Суық жерде жылқының сорпасы қатпайды, майы тоңазымайды.

3. Жай сөйлемнің түрін анықтаңыз.

- *Иә, білемін.*

- A) Толымсыз.
- B) Жайылма.
- C) Атаулы.
- D) Жақсыз.
- E) Толымды.

4. Атаулы сөйлемді табыңыз.

- A) Ағасы бардың - жағасы бар.
- B) Киімін жинастырды.
- C) Таң мезгілі.
- D) Ел іші - өнер кеніші.
- E) Інісі бардың - тынысы бар.

5. Жалаң сөйлемді анықтаңыз.

- A) Үлкен жетістікке жеттік.
- B) Бүгін күн суық.
- C) Адам үшін ең қымбат нәрсе - уақыт.
- D) Уақыт алтыннан да қымбат.
- E) Жаңбыр жауды.

6. Жақсыз сөйлемді анықтаңыз.

- A) Қорықта көптеген орман-тоғайлар бар.
- B) Марқакөлдің суы таза, тұщы.
- C) Бүгінгі Түркістан - үлкен, әсем қала.
- D) Анасын баладан айыруға болмайды.
- E) Әр халықтың тарихында ерекше қадірлі жерлер бар.

7. Жай сөйлемді белгілеңіз.

- A) Қазіргі талап мүддесінен шыға отырып, бойымызға бәсекеге қабілеттілік қасиетін орнықтыруымыз қажет.
- B) Өркениетті ел болу үшін білім алып, аянбай еңбек етеміз.
- C) Өмірдің өзі мәңгілік күрес, ол ешқашан тоқтамақ емес.

D) Әлемдік өркениет - алдымызда, біз сол көштен қалмауымыз керек.

E) Елбасының бағдарламасын біз қолдаймыз.

8. Дұрыс құрылған сөйлемді белгілеңіз.

A) Күләштің дарыны әншілік әкесінің байқалды әндерін тыңдаған.

B) Әкесінің әндерін тыңдаған Күләштің әншілік дарыны байқалды.

C) Байқалды әндерін әкесінің дарыны тыңдаған Күләштің әншілік.

D) Әншілік әндерін байқалды дарыны Күләштің әкесінің тыңдаған.

E) Дарыны байқалды әншілік Күләштің әндерін тыңдаған әкесінің.

9. Жайылма сөйлемді көрсетіңіз.

A) Таң атты.

B) Күн шықты.

C) Мұғалім көңілді.

D) Мектеп тап-таза.

E) Оқу басталатын уақыт та жетті.

10. Жақты сөйлемді анықтаңыз.

A) Ауылда тұрғым келеді.

B) Түнде жол жүруге болмайды.

C) Саған ертең мектепке бармауға тура келеді.

D) Жұмысты қысқа мерзімде орындаймын.

E) Үйді бірлесіп салу керек.

11. Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері қатысқан жай сөйлем түрі көрсетіңіз.

A) Жақсыз.

B) Жайылма.

C) Атаулы.

D) Толымсыз.

E) Жалаң.

12. Белгілі бір атау мағынасын білдіретін сөйлем түрін көрсетіңіз.

A) Жай.

B) Атаулы.

C) Мезгіл.

D) Жайылма.

E) Құрмалас.

13. Сөйлем мүшелері толық қатысқан сөйлемнің түрін анықтаңыз.

A) Толымды сөйлем.

B) Жалаң сөйлем.

C) Атаулы сөйлем.

D) Жақсыз сөйлем.

E) Толымсыз сөйлем.

14. Жақты сөйлемді белгілеңіз.

A) Бірақ үнемдеуді естен шығармау керек.

B) Өз ісін еркендеткісі келгендерің барын салғандары жөн.

C) Сенің ұмытпауың керек.

D) Үнемшілдік - жапон халқына тән қасиет.

E) Тынымсыз өндіріс.

15. Атаулы сөйлемді белгілеңіз.

- A) Үнемі кешігіп жүреді.
- B) Ісіңнің ерте басуы өзіңе ғана байланысты.
- C) Мұғалім балаларды тізім бойынша мектепке кіргізді.
- D) Тап-таза мектеп.
- E) Уақыт бітті.

16. Жалаң сөйлемді белгілеңіз.

- A) Мен мектепке тез жиналдым.
- B) Жаңа мектеп маған өте ұнады.
- C) Кәсіпорын жұмысын бастады.
- D) Мұғалім балаларды мектепке кіргізді.
- E) Күн шықты.

17. Тұрлаулы мүшелерден тұратын жай сөйлем түрін табыңыз.

- A) Жайылма.
- B) Хабарлы.
- C) Жалаң.
- D) Толымды.
- E) Толымсыз.

18. Жақты сөйлемді анықтаңыз.

- A) Біз нарықтық экономикаға бет бұрдық.
- B) Жақсы үйге, жақсы орынға жатқым келеді.
- C) Бірлесіп жұмыс істеуіміз керек.
- D) Бұл жерде суға түсуге болмайды.
- E) Менің қалаға барғым келеді.

19. Жалаң сөйлемді белгілеңіз.

- A) Халық бар жерде - тіл де бар.
- B) Еліміз Елтаңбасымен еңселі.
- C) Мен сені жақсы көремін.
- D) Елдіктің белгісі іспетгі.
- E) Зерттеулер бар.

20. Толымды сөйлемді табыңыз.

- A) Өзеннен аулаймыз.
- B) - Қайда барасың?
- C) - Ертең театрға барасыз ба?
- D) Абай Тоғжанмен қимай қоштасты.
- E) Ертең келеді.

21. Сөйлем түрін анықтаңыз.

- *Бәрін атап шықтың ба?*

- A) Атаулы сөйлем.
- B) Сұраулы сөйлем.
- C) Хабарлы сөйлем.
- D) Жақсыз сөйлем.
- E) Лепті сөйлем.

22. Жақты сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Сапаны көтеруіміз керек.

- В) Ертерек ұйықтағысы келді.
- С) Бұны білмеуіміз мүмкін.
- Д) Тізім бойынша тексерілді.
- Е) Ойланбай сөйлеуге болмайды.

23. Жалаң сөйлемді белгілеңіз.

- А) Ахмет Байтұрсынов айтқан төрт қағида бар.
- В) Олар жаналықтар мен ресми хабарлардың жиынтығы болған.
- С) Мен «Егемен Қазақстан» газетін жиі оқып тұрамын.
- Д) Теледидар қызмет етеді.
- Е) Мәтінді оқыды.

24. Жақты сөйлемді көрсетіңіз.

- А) Сұлу табиғат аясында ойнауға болмайды.
- В) Сұлу табиғат аясында ойнағым келеді.
- С) Сұлу табиғат аясында ойнап жүр.
- Д) Сұлу табиғат аясында ойнауы керек.
- Е) Сұлу табиғат аясында ойнауымыз керек.

25. Толымды сөйлемді анықтаңыз.

- А) Киіз үйді орнатамыз.
- В) Пойызға шығарып салды.
- С) Ұқсамайсың.
- Д) Жоғары шық.
- Е) Досанның тауға қайта барғысы келді.

Сөйлем мүшелері

1-нұсқа

1. Сөйлемдегі тұрлаулы мүшелерді табыңыз.

“Біз кеше мұражайға бардық.”

- A) Кеше бардық.
- B) Біз мұражайға.
- C) Біз бардық.
- D) Мұражайға кеше.
- E) Мұражайға бардық.

2. Пысықтауыштың қай түріне жататынын табыңыз.

«Мен бүгін жолға шықтым».

- A) Мекен.
- B) Мезгіл.
- C) Мақсат.
- D) Себеп.
- E) Қимыл-сын.

3. Анықтауыштың сұрақтарын белгілеңіз.

- A) Кімге? неге? кімді? нені?
- B) Кім? не?
- C) Қайда? қайдан? неліктен?
- D) Қандай? қай? қанша?
- E) Не істеді? қайтті?

4. «Кімнің?» сұрағына жауап беретін тұрлаусыз мүшені көрсетіңіз.

- A) Пысықтауыш.
- B) Толықтауыш.
- C) Бастауыш.
- D) Анықтауыш.
- E) Баяндауыш.

5. Толықтауышы бар сөйлемді табыңыз.

- A) Жер бетінде таза су ресурстары көп емес.
- B) Қазақстанның көлдері ластанып жатыр.
- C) Сусыз өмір жоқ.
- D) Табиғатты қорғауды өзіңнен баста.
- E) Ғарыш ғылымының пайдасы бар.

6. Сөйлемді аяқтайтын баяндауышты белгілеңіз.

Адамның бәрі ең жоғары мұратқа

- A) Дайында.
- B) Көреміз.
- C) Байланысты.
- D) Ұмтылады.
- E) Жету.

7. «Кіммен?» сұрағына жауап беретін тұрлаусыз мүшені көрсетіңіз.

- A) Толықтауыш.
- B) Бастауыш.
- C) Анықтауыш.

D) Баяндауыш.

E) Пысықтауыш.

8. Жанама толықтауышты анықтаңыз.

A) Таулы аймақтардың табиғаты аса сұлу.

B) Адал бала анасын ұмытпайды.

C) Татулықта табыс мол.

D) Мұғалім дәріс береді.

E) Біз отанымызды сүйеміз.

9. Пысықтауышты табыңыз.

Биыл Қазақстан тәуелсіздігінің 17 жылдығын тойлады.

A) Тойлады.

B) Тәуелсіздігінің.

C) Биыл.

D) Қазақстан .

E) 17 жылдығын.

10. Баяндауыштың сұрағын белгілеңіз.

A) Кім?

B) Қайтті?

C) Қандай?

D) Қалай?

E) Неде?

11. Мекен пысықтауышты тап.

Шыңғыстауда халқымыздың кемеңгерлері өмірге келген.

A) Келген.

B) Шыңғыстауда.

C) Халқымыздың.

D) Кемеңгерлері.

E) Өмірге.

12. Толықтауыш қатысқан қатарды табыңыз.

A) Асанда кітап бар.

B) Алға қарай тез жүр.

C) Ол да барар.

D) Жақында келеді.

E) Мен жазда келдім.

13. Асты сызылған сөздердің қай сөйлем мүшесі болатынын белгілеңіз.

Қазақстанда мақта тек оңтүстікте гана өседі.

A) Бастауыш.

B) Баяндауыш.

C) Толықтауыш.

D) Анықтауыш.

E) Пысықтауыш.

14. Анықтауышы бар сөйлемді анықтаңыз.

A) Ол кітапты көп оқиды.

B) Отан отбасынан басталады.

C) Таңғажайып табиғаты бар ел.

D) Түркістанға автобуспен баруға болады.

E) Шымкент пен Тараз оңтүстікте.

15. Пысықтауыштың сұрақтарын көрсетіңіз.

A) Кіммен? Немен?

B) Қашан? Қайдан?

C) Не істеді? Қайтты?

D) Кімнен? Неден?

E) Қандай? Қай?

16. Толықтауышы бар сөйлемді табыңыз.

A) Жер шарының көп бөлігін су алып жатыр.

B) Жер бетінде ауыз су көздері көп емес.

C) Батыс аймақта мұнай өндірісі дамыған.

D) Сарыарқа - түсті металдардың қоймасы.

E) Жер асты байлықтары өндірілуде.

17. Бірыңғай мүшелер қай сөйлем мүшесі болып тұрғанын анықтаңыз.

Қазақта дастарқаннан, дәмнен үлкен нәрсе жоқ.

A) Бастауыш.

B) Баяндауыш.

C) Пысықтауыш.

D) Анықтауыш.

E) Толықтауыш.

18. Толықтауышы бар сөйлемді табыңыз.

A) Жер бетінде таза су ресурстары көп емес.

B) Қазақстанның көлдері ластанып жатыр.

C) Сусыз өмір жоқ.

D) Ғарыш ғылымының пайдасы бар.

E) Табиғатты қорғауды өзіңнен баста.

19. Анықтауышты табыңыз.

Жер бетінде таза су ресурстары онша көп емес.

A) Жер бетінде.

B) Көп емес.

C) Онша.

D) Ресурстары.

E) Таза су.

20. Асты сызылған сөз тіркесінің қай сөйлем мүшесі болатынын белгілеңіз.

Түркістан қаласында туризмнің дамуына мүмкіндіктер мол.

A) Бастауыш.

B) Баяндауыш.

C) олықтауыш.

D) Анықтауыш.

E) Пысықтауыш.

21. Күрделі бастауышты көрсетіңіз.

A) Астана қаласы – Қазақстанның бас қаласы.

B) Жаңбыр құйып кетті.

C) Өтеген он төрт жаста.

- D) Оқушылар мектептен қайтты.
E) Күн жылынды.
22. Пысықтауышы бар сөйлемді көрсетіңіз.
A) Сарыарка - түсті металдардың қоймасы.
B) Жер асты байлықтары өндірілуде.
C) Жер шарының көп бөлігін су алып жатыр.
D) Батыс аймақта мұнай өндірісі дамыған.
E) Озат еңбегімен ел құрметіне бөленген.
23. Дара бастауышы бар сөйлемді анықтаңыз.
A) Үй іші ұзақ жым-жырт болды.
B) Менің айтып отырғаным – ақыл.
C) Астанада жаңа елшілік ашылды.
D) Қазақ халқы табиғатынан шешен халық.
E) Қазақстан Республикасы Еуразия құрлығында орналасқан.
24. Барыс септігіндегі сөз қай сөйлем мүшесі болатынын белгілеңіз.
Барлық мемлекеттер экологияға көңіл бөледі.
A) Бастауыш.
B) Толықтауыш.
C) Пысықтауыш.
D) Анықтауыш.
E) Баяндауыш.
25. Көп нүктенің орнына қажетті сөйлем мүшесін қойыңыз.
Қалаға ... баруға болады.
A) Автобусқа.
B) Автобуспен.
C) Біздің.
D) Алтау.
E) Балалар.

Сөйлем мүшелері

2-нұсқа

1. Пысықтауыш қатысып тұрған сөйлемді анықтаныз.
 - A) Қазақстан - тәуелсіз мемлекет.
 - B) Жол мұраты - жету.
 - C) Оңтүстіктен баяу жел еседі.
 - D) Омар жолдасымен кеңесті.
 - E) Ауыл ақсақалы жастарға кеңес айтты.
2. Күрделі бастауышты сөйлемді көрсетіңіз.
 - A) Көк теңіз жағалауында алып бәйтерек өседі екен.
 - B) Астана қазақстандықтардың мақтанышына айналды.
 - C) «Тәуелсіздік монументі» - Алматы қаласының мақтанышы.
 - D) Айдаһар жыл сайын алтын жұмыртқаны жеп қояды екен.
 - E) Оның көлемді пішіні ұлы даланың кендігін білдіреді.
3. «*Кімнің?*» сұрағына жауап беретін тұрлаусыз мүшені көрсетіңіз.
 - A) Баяндауыш.
 - B) Толықтауыш.
 - C) Пысықтауыш.
 - D) Анықтауыш.
 - E) Бастауыш.
4. «*Қайдан?*» сұрағына жауап беретін пысықтауыш түрін анықтаңыз.
 - A) Мекен.
 - B) Сын-қимыл.
 - C) Мақсат.
 - D) Мезгіл.
 - E) Себеп.
5. «*Қалай? Не себепті?*» деген сұрақтарға жауап беретін сөйлем мүшесін табыңыз.
 - A) Баяндауыш.
 - B) Анықтауыш.
 - C) Бастауыш.
 - D) Пысықтауыш.
 - E) Толықтауыш.
6. Күрделі бастауышты табыңыз.
 - A) Жақсы мен жаманды ажырата біл.
 - B) Бала отыр.
 - C) Шоқан бала кезінен өте зерек болған.
 - D) Жауыннан кейінгі дала көз жауын алады.
 - E) Қаныш Сәтпаев - қазақ халқының тұңғыш академигі.
7. Берілген сөйлемдегі баяндауыш қай сөз табынан екенін табыңыз.

Ақтайдың ағаш үйінің іші-сырты өте әдемі.

 - A) Зат есім.
 - B) Етістік.
 - C) Сан есім.
 - D) Есімдік.

Е) Сын есім.

8. Берілген сөйлемнен бастауышты табыңыз.

Мұнда ерекше сұлу құм төбе орналасқан.

А) Құм төбе.

В) Ерекше.

С) Сұлу.

Д) Орналасқан.

Е) Мұнда.

9. Асты сызылған сөздердің қай сөйлем мүшесі болатынын белгілеңіз.

Әр халықтың тарихында ерекше қадірлі жерлер бар.

А) Бастауыш.

В) Анықтауыш.

С) Толықтауыш.

Д) Пысықтауыш.

Е) Баяндауыш.

10. Дара баяндауышы бар сөйлемді белгілеңіз.

А) Машина баяу жүріп келе жатыр.

В) Ол барлық сыныпты тазалады.

С) Ол сурет өнерін жақсы көретін адам еді.

Д) Келе жатқан үшеу екен.

Е) Біздің сыныптағы оқу озаттары он бір.

11. Анықтауышы жоқ сөйлемді табыңыз.

А) Ұлы адамдардың еңбегін бағалай білу керек.

В) Таза сусыз өмір жоқ.

С) Жер шарының көп бөлігін ащы су алып жатыр.

Д) Германия суды Швециядан сатып алады.

Е) Үлкен қалаларда адамдар жиі ауырады.

12. Заттың меншіктілігін, ретін, түрін, түсін, сапасын білдіретін сөйлем мүшесін көрсетіңіз.

А) Бастауыш.

В) Баяндауыш.

С) Толықтауыш.

Д) Пысықтауыш.

Е) Анықтауыш.

13. Бірыңғай мүшелердің қай сөйлем мүшесі болатынын белгілеңіз.

Қызылорда – күріштің, қауын мен қарбыздың отаны.

А) Бастауыш.

В) Анықтауыш.

С) Толықтауыш.

Д) Пысықтауыш.

Е) Баяндауыш.

14. Күрделі бастауышты көрсетіңіз.

А) Астана қаласы - Қазақстанның бас қаласы.

В) Жаңбыр құйып кетті.

С) Өтеген он төрт жаста.

- D) Оқушылар мектептен қайтты.
E) Күн жылынды.
15. Бастауыш нені білдіретінін табыңыз.
A) Іс-әрекетті.
B) Заттың сынын.
C) Қимыл-әрекеттің сынын.
D) Заттың белгісін.
E) Баяндауышта айтылған іс-әрекеттің иесін.
16. «Қандай? Қай?» - қай сөйлем мүшесінің сұрақтары екенін анықтаңыз.
A) Пысықтауыш.
B) Анықтауыш.
C) Толықтауыш.
D) Бастауыш.
E) Баяндауыш.
17. Сөйлемнен тура толықтауышты табыңыз.
Адал бала өзінің анасын ұмытпайды.
A) Адал.
B) Бала.
C) Өзінің.
D) Анасын.
E) Ұмытпайды.
18. Күрделі баяндауышты табыңыз.
Сен бүгін кітапханаға барып кел.
A) Сен.
B) Бүгін.
C) Кітапханаға.
D) Кел.
E) Барып кел.
19. Анықтауышы бар сөйлемді анықтаңыз.
A) Ол кітапты көп оқиды .
B) Отан отбасынан басталады.
C) Таңғажайып табиғаты бар ел.
D) Түркістанға автобуспен баруға болады.
E) Шымкент пен Тараз оңтүстікте.
20. Бастауыш пен баяндауыштың арасына сызықша қойылатын сөйлемді анықтаңыз.
A) Кітап алды.
B) Жақсы ісімен жақсы.
C) Семей полигоны жабылды.
D) Адамға зор денсаулық керек.
E) Бұл үлкен жетістікке жеткізеді.
21. Сөйлемнен анықтауыш қызметіндегі есімдікті табыңыз.
A) Атақты Көкшетау- сұлу жер.
B) Қарағанды қаласының жарты миллиондай халқы бар.
C) Маңғыстауда мұнайдың сарқылмас қоры бар.

- D) Бұл аймақтарда тарихи және көрнекті жерлер бар.
- E) Атырау өңірі мәдени ескерткіштерге бай.
22. Дұрыс құрастырылған сөйлемді анықтаңыз.
- A) Мен келдім кеше таңертең Астанадан.
- B) Келдім кеше таңертең Астанадан мен.
- C) Астанадан келдім таңертең мен кеше.
- D) Кеше Астанадан келдім таңертең кеше.
- E) Мен кеше таңертең Астанадан келдім.
23. Жанама толықтауышы бар сөйлемді табыңыз.
- A) Адал бала анасын ұмытпайды.
- B) Қарағанды қаласының жарты миллиондай халқы бар.
- C) Солтүстік Қазақстан- мұнайлы жер.
- D) Мен кітапты алдым.
- E) Қазір 1,7 миллиард адам су тапшылығына ұшырап отыр.
24. Дара бастауышы бар сөйлемді анықтаңыз.
- A) Үй іші ұзақ жым-жырт болды.
- B) Менің айтып отырғаным – ақыл.
- C) Астанада жаңа елшілік ашылды.
- D) Қазақ халқы табиғатынан шешен халық.
- E) Қазақстан Республикасы Еуразия құрлығында орналасқан.
25. Толықтауышы бар сөйлемді табыңыз.
- A) Жер бетінде таза су ресурстары көп емес.
- B) Қазақстанның көлдері ластанып жатыр.
- C) Табиғатты қорғауды өзіңнен баста.
- D) Ғарыш ғылымының пайдасы бар.
- E) Сусыз өмір жоқ.

Құрмалас сөйлем

1-нұсқа

1. Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді табыңыз.
 - A) Абай Қарқаралыдан қайтқан соң, ел аралаған жоқ.
 - B) Абай шешесіне риза болып, жас кезіндегідей еркеледі.
 - C) Көктемде ерте көшкенде, көршілерінің біраз жерін алып алатын.
 - D) Адамның қай мінезі қасиетті болса, сол мінезі міні де болады.
 - E) Бұл хабарды үй іші тегіс тыңдады, бірақ ештеңе демеді.
2. Салалас құрмалас сөйлемді табыңыз.
 - A) Қатты жаңбыр жауғандықтан, біз қонаққа бармадық.
 - B) Мен келгенше, сен үйде отыр.
 - C) Ауылдан бүгін Әсем келеді немесе Кәкен келеді.
 - D) Жақсы оқу үшін, көп ізденіс керек.
 - E) Егер сен маған келсең, біз циркке барамыз.
3. Бағыныңқы сөйлемі «*Неліктен?*» сұрағына жауап беретін сөйлемнің түрін анықтаңыз.
 - A) Қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.
 - B) Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.
 - C) Мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.
 - D) Мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.
 - E) Себеп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.
4. Құрмалас сөйлем түрін анықтаңыз.

Ол көп уайымдап, үйге келді.

 - A) Қимыл-сын бағыныңқы.
 - B) Аралас құрмалас сөйлем.
 - C) Себеп бағыныңқы.
 - D) Мақсат бағыныңқы.
 - E) Салалас құрмалас сөйлем.
5. Талғаулы салалас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.
 - A) Күн бірде ысып қуантса, бірде салқын болып тұр.
 - B) Оның бүгін не келетіні, не келмейтіні белгісіз.
 - C) Торғайды ауылдан да, қаладан да кездестіруге болады.
 - D) Ақбөкен өте сақ, кез-келген тысырдан қорқады.
 - E) Қаздар көлге қонады немесе қамысқа біраз аялдайды.
6. Себеп салалас құрмалас сөйлемді белгілеңіз.
 - A) Ол мұғалімдер даярлайтын мектепке оқуға түсіп, одан соң Қарқаралыда балаларға сабақ береді.
 - B) Жазғы демалыс кезінде аңыз, әңгімелерді, халықтық жырларды жазып алғанымен, ол қазақ тарихын зерттеуге ерекше ден қойды.
 - C) Қазақ халқы егін егумен шұғылданып, көбіне тары, бидай, арпа, жүгері екті.
 - D) Мақаланы жазу үшін автор көп ойланды, сондықтан еңбегінде үлгі-өнеге, өсиет, нақыл сөздер сияқты мысалдарды көп келтірді.
 - E) Шоқан әдебиет мұраларын, тарихи шежірелерді бір жүйеге келтірмек болып, олар жөнінде ғылыми талдаулар жасады.

7. Салалас құрмалас сөйлемнің түрін анықтаңыз.

- A) Жай сөйлем.
- B) Құрмалас сөйлем.
- C) Ыңғайлас сөйлем.
- D) Хабарлы сөйлем.
- E) Бұйрықты сөйлем.

8. Себеп бағыныңқы сабақтастың жасалу жолын анықтаңыз.

- A) -ғандықтан, -гендіктен.
- B) -у үшін.
- C) -са да, -се де.
- D) -са, -се.
- E) -а, -е, -й.

9. Сөйлемнің түрін анықтаңыз.

Күн батты, тауды кара көлеңке басты.

- A) Толымды сөйлем.
- B) Сабақтас құрмалас сөйлем.
- C) Аралас құрмалас сөйлем.
- D) Салалас құрмалас сөйлем.
- E) Жай сөйлем.

10. Мақсат бағыныңқы сабақтас құрмаластың жасалу жолын анықтаңыз.

- A) -у үшін.
- B) -са да, -се де.
- C) -ғандықтан, -гендіктен.
- D) -са, -се+жіктік жалғау.
- E) -ғанмен, -генмен.

11. Салалас құрмалас сөйлемді белгілеңіз.

- A) Қазақстан Республикасы ұлан-байтақ жерді алып жатыр, ол - ұлан-ғайыр кең өлке.
- B) Күн жер шарын бір тәулікте араласа, біздің Республикамыздың үстінде үш сағат кідіреді.
- C) Отаныңды сүйе білсең - атақ та, жұмыс та, құрмет те болады.
- D) «Отан» деген сөзді күнде естіп, әр бала оны сүюді үйренеді.
- E) Отанды әркім анасындай қолдап, өзі де оның өркендеуіне ат салысады.

12. Себеп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді табыңыз.

- A) Не ексең, соны орасың.
- B) Сабақ ерте басталғандықтан, ерте аяқталды.
- C) Ол көп уайымдап, үйге келді.
- D) Күз келсе де, жаңбыр жаумады.
- E) Сабақ өте ерте басталды.

13. Сөйлемнің түрін анықтаңыз.

Биыл мектеп бітіремін және Алматыға инженерлік оқуға түсемін.

- A) Қарсылықты салалас құрмалас.
- B) Себеп-салдар салалас құрмалас.
- C) Талғаулы салалас құрмалас.
- D) Түсіндірмелі салалас құрмалас.

Е) Ыңғайлас салалас құрмалас.

14. Қарсылықты бағыныңқы сабақтасты анықтаңыз.

А) Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер.

В) Сабақ оқымай, бес алмайсың.

С) Мен барғанша, ол театрға кетіп қалды.

Д) Екі қолы дірілдеп, Оспан үйге кірді.

Е) Қыс келгенмен, қар жаумады.

15. Құрмалас сөйлем түрлерін анықтаңыз.

А) Хабарлы, сұраулы.

В) Жақты, жақсыз.

С) Салалас, сабақтас, аралас.

Д) Жалаң, жайылма.

Е) Толымды, толымсыз.

16. Себеп-салдар салаласты құрмалас сөйлемді табыңыз.

А) Бірде оңтүстіктен самал жел соғады, бірде тып-тынық боп тоқтай қалады.

В) Сөз бен мінез суық көңілді жібітеді немесе ыстық ықыласты суытады.

С) Оның елге сыйлы екі мінезі бар: бірі - сыпайылығы, екіншісі - білімі.

Д) Ол мектепті бітірген соң, жоғары оқу орнына түсуге дайындалды.

Е) Биыл күз ерте түсті, сондықтан құстар да тездетіп жылы жаққа аттанды.

17. Берілген құрмалас сөйлемнің түрін табыңыз.

Базаралы ауылға келгелі, бір айдай уақыт өтті.

А) Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас.

В) Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас.

С) Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас.

Д) Қимыл-сыт бағыныңқылы сабақтас құрмалас.

Е) Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас.

18. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем шылауларын көрсетіңіз.

А) Сондықтан.

В) Өйткені.

С) Бірде.

Д) Әйтсе де.

Е) Немесе.

19. Құрмалас сөйлемнің неше түрі бар екенін анықтаңыз.

А) 1.

В) 4.

С) 5.

Д) 2.

Е) 3.

20. Мезгіл бағыныңқы сабақтастың жасалу жолын анықтаңыз.

А) -у үшін.

В) -са, -се.

С) -қанмен, -кенмен.

Д) -ып, -іп, -п.

Е) -қанда, -кенде.

21. Салалас құрмалас сөйлем түрін анықтаңыз.

«Отан» деген сөзді күнде естиміз, себебі Отан дегеніміз - адамның туып-өскен жері.

- A) Қарсылықты.
- B) Талғаулы.
- C) Кезектес.
- D) Ыңғайлас.
- E) Себеп-салдар.

22. Сабақтас құрмалас сөйлем түрін анықтаңыз.

Мұғалім айтқанда, ол жазады.

- A) Себеп бағыныңқы.
- B) Қимыл-сын бағыныңқы.
- C) Мезгіл бағыныңқы.
- D) Шартты бағыныңқы.
- E) Мақсат бағыныңқы.

23. Сабақтас құрмалас сөйлем түрін анықтаңыз.

Куз келсе де, жаңбыр әлі жаумады.

- A) Қимыл-сын.
- B) Мақсат.
- C) Қарсылықты.
- D) Себеп.
- E) Шартты.

24. «Өйткені, себебі» шылауларымен жасалатын сөйлемнің түрін анықтаңыз.

- A) Себеп-салдар салалас құрмалас.
- B) Қарсылықты сабақтас құрмалас.
- C) Талғаулы салалас құрмалас.
- D) Кезектес салалас құрмалас.
- E) Ыңғайлас салалас құрмалас.

25. Сөйлемнің түрін анықтаңыз.

Сені сағынғаным сонша - түсіме жиі кіресің.

- A) Қарсылықты салалас құрмалас.
- B) Себеп-салдар салалас құрмалас.
- C) Кезектес салалас құрмалас.
- D) Талғаулы салалас құрмалас.
- E) Түсіндірмелі салалас құрмалас.

Құрмалас сөйлем

2-нұсқа

1. Шартты бағыныңқы сабақтастың жасалу жолын анықтаңыз.
 - A) -ғанмен, -генмен.
 - B) -ғандықтан, -гендіктен.
 - C) -ғанда, -генде.
 - D) -мақшы, -мекші+болып.
 - E) -са, -се.
2. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемнің жалғаулықтарын белгілеңіз.
 - A) Не, немесе, я, яки, әлде.
 - B) Бірде, біресе, кейде.
 - C) Бірақ, дегенмен, сөйтсе де, алайда.
 - D) Өйткені, сондықтан, себебі.
 - E) Және, әрі, да, де, та, те.
3. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрін анықтаңыз.
 - A) Жай сөйлем.
 - B) Шартты бағыныңқы сөйлем.
 - C) Ыңғайлас салалас сөйлем.
 - D) Қарсылықты салалас сөйлем.
 - E) Кезектес салалас сөйлем.
4. Салалас құрмалас сөйлемді табыңыз.
 - A) Мен мұғаліммен бірге құрбыма бардым.
 - B) Раушанның қалаға келгеніне үшінші күн болғанда, жиналыс ашылды.
 - C) Төле би 17 ғасырда өмір сүрген.
 - D) Үй іші жым-жырт.
 - E) Күн бұлтты болды, бірақ жаңбыр жаумады.
5. Сөйлемнің түрін анықтаңыз.

Сабақ кестесін өзгертсе, бізде кітапханаға баратын уақыт болады.

 - A) Салалас құрмалас сөйлем.
 - B) Жай сөйлем.
 - C) Жалаң сөйлем.
 - D) Атаулы сөйлем.
 - E) Сабақтас құрмалас сөйлем.
6. Жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлемді анықтаңыз.
 - A) Күзде біресе жаңбыр жауады, біресе қар жауады.
 - B) «Отан» деген сөзді күнде естиміз, себебі Отан дегеніміз адамның туып-өскен жері.
 - C) Біздің жеріміз ұлан-байтақ, бірақ халқымыздың саны аз.
 - D) Жас ұрпаққа жақсы білім мен тәрбие беру керек, өйткені олар - елдің келешегі.
 - E) Қазақстан ұлан-байтақ жерді алып жатыр, ол - ұлан-ғайыр кең өлке.
7. Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемді белгілеңіз.
 - A) Әке мен шеше ақылдасып, үйленген ұлдарына енші бөледі.
 - B) Менің айрандай ұйыған отбасым бар, әрі туғандарым бір-бірін құрметтейді.

- С) Қазақ отбасында қыздың орны бөлек, сондықтан оны ерекше құрметтейді.
- Д) Дастарқан жайылып, жастар домбыра тартып, ән салып, ұлттық ойындар ойнайды.
- Е) Жейдесін шешіп алып, сандыққа сақтап қояды.
8. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің сұрағын табыңыз.
- А) Не мақсатпен?
- В) Не себепті?
- С) Неге?
- Д) Қашанға дейін?
- Е) Неліктен?
9. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.
- А) Әйел жымысып күлді де, үстелінен бір кітап алып берді.
- В) Дәркембай әңгімесін жалғастырды, себебі бәрі қызығып сұрады.
- С) Ол өз білетінін маған айтпақшы болып, бірден уәде берді.
- Д) Бұл жұмысты ертерек бастағанда, ендігі нәтижесін көретін едік.
- Е) Жолаушы отырды да, өзінің қайдан келе жатқанын айтты.
10. Мақсат бағыныңқы сабақтасты табыңыз.
- А) Оқушылар келген соң, сабақ басталды.
- В) Мен барғанша, ол кетіп қалды.
- С) Қонақтарға әр түрлі базарлық алу үшін, біз бірнеше дүкендерді араладық.
- Д) Ол келіссе, біз кешке киноға барамыз.
- Е) Күн жылы болады деп, біз серуенге шықтық.
11. Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.
- А) Әкесі екеуі тоғайды аралап келе жатты, еш әңгіме айтпады.
- В) Оның елге сыйлы екі мінезі бар: бірі - сыпайылығы, екіншісі - білімі.
- С) Жолсерік жұрттың билетін тексеріп, біртіндеп ішке кіргізе бастады.
- Д) Тарихты білуіміз керек, себебі өткеніңді білу ұрпағынды тәрбиелеуге керек.
- Е) Бетіндегі күлкі, қуаныш ізі тез арада ғайып болды.
12. Сабақтас құрмалас сөйлемнің баяндауыштары қалай жасалатынын көрсетіңіз.
- А) Көсемше, шартты рай.
- В) Есімше, бұйрық рай.
- С) Зат есім, тұйық етістік.
- Д) Тұйық етістік, үстеу.
- Е) Шартты рай, қалау рай.
13. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемді белгілеңіз.
- А) Ол әскерді күшейтті, хандықтың жер көлемін кеңейтті.
- В) Ертеде қазақ әйелдері бірде киіз басқан, бірде кілем тоқыған, бірде киім тіккен.
- С) Ежелгі қалалар жылы жерлерге салынған, бірақ өзендердің жағасында да көне қалалардың орны бар.
- Д) Кенже бала - үй иесі, сондықтан әке-шешесі оған қара шаңырақты береді.

- Е) Адам баласы керуен сияқты: тоқтады, көшті де кетті.
14. Кезектес салалас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.
- А) Бірде сабаққа кешігіп келеді, бірде мүлдем келмейді.
В) Қаздар көлге қонады немесе қамысқа біраз аялдайды.
С) Оның бүгін не келетіні, не келмейтіні белгісіз.
D) Бала әкеден үйренеді, қыз шешеден үйренеді.
Е) Хатты біресе кеудесіне қысады.
15. Мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді табыңыз.
- А) Мұғалім айтқанда, ол жазды.
В) Күз келсе де, жаңбыр жаумады.
С) Сабақ ерте басталғандықтан, ерте бітті.
D) Ол көп уайымдап, ерте келді.
Е) Не ексең, соны орасың.
16. Сабақтас құрмалас сөйлемді табыңыз.
- А) Бүгін күн бұлтты болады, оқтын-оқтын жаңбыр жауады.
В) Бүкіл жайлау елінен, қырдан қонақтар келе бастады.
С) Қаздар, үйректер жылы жаққа ұшып кетті.
D) Оған аудармашы болу қиын, дегенмен қызмет атқарып жүр.
Е) Көрші отырсақ та, кездесе беруге уақыт жетпейді.
17. Қарсылық мәнді жалғаулық шылаумен байланысқан құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.
- А) Жанұяда әкенің орны ерекше, оны «отағасы» деп атаған.
В) Олар бірде би биледі, бірде ән салды, солай уақыт өткізді.
С) Табиғат қорғау ұйымдары бар және оларда зерттеу жүргізіледі.
D) Алдыңғы ағаштан қар құлады, бірақ жанынан ешкім көрінбеді.
Е) Айман ән тыңдағанды ұнатады, сондықтан ән таспаларын сатып алды.
18. Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.
- А) Іші-бауыры елжіреп, сорлы шеше балапанын қорғайды.
В) Ұзақ сапар шеккелі, мақсатқа осы жеткенім.
С) Қалаға ол күн көтерілген соң жетті де, бірден досын іздеді.
D) Найзаның қырлы, өткір ұшы көздеген жерден тие қоймады.
Е) Ол емтиханды беске тапсырды, себебі жақсы дайындалған болатын.
19. Салалас құрмалас сөйлемді табыңыз.
- А) Күн бұлтты болды, бірақ жаңбыр жаумады.
В) Раушанның қалаға келгеніне үшінші күн болғанда, жиналыс ашылды.
С) Мен мұғаліммен бірге құрбыма бардым.
D) Үй іші жым-жырт, құлаққа ұрған танадай.
Е) Төле би 17 ғасырда өмір сүріп, билік айтқан.
20. Мақсат бағыныңқы сабақтас құрмаластың жасалу жолын анықтаңыз.
- А) -ғанмен, -генмен.
В) -са да, -се де.
С) -ғандықтан, -гендіктен.
D) -у үшін.
Е) -са, -се+жіктік жалғау.
21. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтастың сұрақтарын табыңыз.

- A) Қайтсе де? Қайткенмен?
 - B) Қашаннан бері? Қайтіп?
 - C) Қалай? Қашан?
 - D) Қайтіп? Қашан?
 - E) Қайтпейінше? Не етпейінше?
22. Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді табыңыз.
- A) Абай Қарқаралыдан қайтқан соң, ел аралаған жоқ.
 - B) Абай шешесіне риза болып, жас кезіндегідей еркеледі.
 - C) Туыстарым ерте көшкенде, көршілерінің біраз жерін алып алатын.
 - D) Адамның қай мінезі қасиетті болса, сол мінезі міні де болады.
 - E) Бұл хабарды үй іші тегіс тыңдады, бірақ ештеңе демеді.
23. Салалас құрмалас сөйлемнің түрін анықтаңыз.
- A) Жай сөйлем.
 - B) Құрмалас сөйлем.
 - C) Ыңғайлас сөйлем.
 - D) Хабарлы сөйлем.
 - E) Бұйрықты сөйлем.
24. Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді табыңыз.
- A) Олар Асанды күтпестен, ертемен жолға шығып кетті.
 - B) Күн жылы болғандықтан, біз серуенге шықтық.
 - C) Жанат хатты төрт-бес рет оқып шықты.
 - D) Не ексең, соны орасың.
 - E) Тәуелсіздікті анаңдай ардақта, балаңдай мәпеле.
25. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемді табыңыз.
- A) Балалар таңғы асын ішті де, сабақтарына жинала бастады.
 - B) Мен ауылға қайтканда, Әбдірахман Есімбектікінде қалып қойған.
 - C) Ол мектепті бітірген соң, жоғары оқу орнына түсуге дайындалды.
 - D) Бәйтерек заңғар биік ұлылықтың, дархан жомарттықтың символындай.
 - E) Хатты біресе кеудесіне қысады, біресе бетіне басып біраз отырады.

Оқшау сөздер

1-нұсқа

1. Қаратпа сөзді сөйлемді көрсетіңіз.
 - A) Апа, сізге көмектесейін.
 - B) Шіркін, уақыт тез өтсе ғой.
 - C) Ой, сен қашан келдің?
 - D) Қазір бері қараңыздар!
 - E) Сірә, мен шаршаған шығармын.
2. Сөйлемде одағайға қатысты қойылған тыныс белгілер қатарын анықтаңыз.
 - A) Сұрау белгісі, леп белгісі.
 - B) Леп белгісі, жақша.
 - C) Сызықша, үтір.
 - D) Үтір, леп белгісі.
 - E) Нүкте, тырнақша.
3. Тыныс белгілері дұрыс қойылған қаратпа сөзді табыңыз.
 - A) Ертең театрға барамыз.
 - B) Марат бүгін, киноға бардың ба.
 - C) Бүгін киноға, бардың ба Марат.
 - D) Балалар бүгін сабақ болмайды.
 - E) Жанар, аман-есен жеттің бе?
4. Көңіл-күй одағайы бар сөйлемді табыңыз.
 - A) «Шөре-шөре» - деп лағын іздеп кетті.
 - B) Сірә, ұмытқан шығарсың!
 - C) Жә, ренішті тоқтатындар!
 - D) Япыр-ай, тағы келмеді ме!
 - E) Неге тез бітті десем, бәсе!
5. Өкіну одағайын белгілеңіз.
 - A) Уау.
 - B) Алақай.
 - C) Әттең.
 - D) Пай-пай.
 - E) Жә.
6. Одағай сөйлемнің ортасында келсе, қандай тыныс белгісі қойылатынын көрсетіңіз.
 - A) Алдынан үтір қойылады.
 - B) Соңынан үтір қойылады.
 - C) Ешқандай тыныс белгісі қойылмайды.
 - D) Леп белгісі қойылады.
 - E) Үтір екі жағынан қойылады.
7. Қыстырма сөзден кейін қандай тыныс белгісі қойылатынын белгілеңіз.
 - A) Қос нүкте.
 - B) Үтір.
 - C) Нүктелі үтір.
 - D) Сызықша.

- Е) Леп белгісі
8. Жекіру одағайын көрсетіңіз.
- А) Шөк.
 - В) Жә.
 - С) Уһ.
 - Д) Пай-пай.
 - Е) Кә-кә.
9. Қыстырма сөзді табыңыз.
- А) Қап, әттеген-ай, пойызға үлгермей қалдық.
 - В) Аға, мынау кешегі айтқан Тайбұрыл ма?
 - С) Мүмкін, біз бүгін кездесуге барармыз.
 - Д) Кел, балалар, оқылық.
 - Е) Пай-пай, мына кымыздың дәмі-ай!
10. Қыстырма сөзді анықтаңыз.
- А) Уһ.
 - В) Балам.
 - С) Амал қанша.
 - Д) Тәйт!
 - Е) Бәрекелді.
11. Одағайдың түрлерін табыңыз.
- А) Көңіл-күй, жекіру, шақыру.
 - В) Шектік, нақтылық, күшейткіш.
 - С) Жалғаулық, септеулік, демеулік.
 - Д) Мақсат, мөлшер, қимыл-сын.
 - Е) Еліктеуіш, бейнелеуіш, негізгі.
12. Жекіру одағайын анықтаңыз.
- А) Алақай.
 - В) Бәрекелді.
 - С) Шіркін.
 - Д) Пай-пай.
 - Е) Тәйт.
13. Берілген сөйлемге тиісті одағайды көрсетіңіз.
... Достар түгел жиналыпты.
- А) Қап.
 - В) Әй.
 - С) Жә.
 - Д) Бәрекелді.
 - Е) Әттеген-ай.
14. Қаратпа сөздер қандай сөздер тобына жататынын белгілеңіз.
- А) Оқшау сөздер тобына жатады.
 - В) Одағайлар тобына жатады.
 - С) Біріккен сөздерге жатады.
 - Д) Қысқарған сөздерге жатады.
 - Е) Қыстырма сөздер тобына жатады.
15. Дұрыс жазылған одағайды көрсетіңіз.

- A) Өттегенай.
- B) Моһ, моһ.
- C) Ой-бай.
- D) Пай-пай.
- E) Бәрі келді.

16. Растау мағынасын білдіретін қыстырма сөзді көрсетіңіз.

- A) Шынында.
- B) Бәлкім.
- C) Меніңше.
- D) Өкінішке орай.
- E) Екіншіден.

17. Шақыру одағайы бар сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Тәйт, артық сөйлеме!
- B) «Құрау-құрау, жануар!» - деп атына жақындады.
- C) Түу, түстен кейін келетін шығар.
- D) Ой, бәлі, әлі қайтпағансың ба?
- E) Шіркін-ай, ауасы қандай таза еді!

18. Ойдың кімнен шыққанын білдіретін қыстырма сөзді анықтаңыз.

- A) Меніңше.
- B) Мүмкін.
- C) Әлбетте.
- D) Өкінішке орай.
- E) Қорыта айтқанда.

19. Таңдану одағайын көрсетіңіз.

- A) Кәне.
- B) Апырай.
- C) Уһ.
- D) Қап.
- E) Өттеген-ай.

20. Сөйлемнің ортасындағы қаратпа сөзді анықтаңыз.

- A) Біріншіден теледидар балалар денсаулығына зиян келтіреді.
- B) Балалар үлкендерді сыйландар.
- C) Балалар ертең театрға барамыз.
- D) Келіндер қыздар көмектесіндер.
- E) Асқар қалаға қашан келдің?

21. Одағайдың тыныс белгісі дұрыс қойылғанын табыңыз.

- A) Озық техникаға шіркін, еш нәрсе жетпейді.
- B) Шіркін, озық техникаға еш нәрсе жетпейді.
- C) Озық техникаға еш, шіркін нәрсе жетпейді.
- D) Озық шіркін, техникаға еш нәрсе жетпейді.
- E) Озық техникаға еш нәрсе, шіркін жетпейді.

22. Қос сөзді күрделі одағай арасына қойылатын тыныс белгіні көрсетіңіз.

- A) Тырнақша.
- B) Нүкте.

- С) Дефис.
- Д) Сұрау белгісі.
- Е) Леп белгісі.

23. Шақыру одағайын көрсетіңіз.

- А) Моһ-моһ, уһ.
- В) Ах, ойпырай.
- С) Шөре-шөре, кә-кә.
- Д) Алақай, әттең.
- Е) Құрау-құрау, оһ.

24. Көңіл-күй одағайын көрсетіңіз.

- А) Шөре-шөре, көс-көс.
- В) Құрау-құрау, алақай.
- С) Әттең, шіркін.
- Д) Бәрекелді, айт.
- Е) Апырай, тәйт.

25. Қыстырма сөзді табыңыз.

- А) Ей.
- В) Жеті.
- С) Балам.
- Д) Сірә.
- Е) Қызыл.

Оқшау сөздер 2-нұсқа

1. Көңіл-күй одағайын табыңыз.
 - A) Моh-моh, жануар!
 - B) Паh, неткен дауыс!
 - C) Кә-кә, келе ғой.
 - D) Ауқау-ауқау!
 - E) Тәйт, кет.
2. Қыстырма сөзі бар сөйлемді анықтаңыз.
 - A) Туу, ауа райы қандай ғажап!
 - B) Меніңше, бұл дұрыс емес.
 - C) Кел, балалар, оқылық!
 - D) Айналайын, мені көшеден өткізші.
 - E) Уһ! Қалай ыстық!
3. Одағайы бар сөйлемді көрсетіңіз.
 - A) Қазіргі кезде интернет ешкімге де таң емес.
 - B) Ой! Сонда қалай болды?
 - C) Интернет жүйесі арқылы жүздеген елдермен байланыса аласың.
 - D) Билл Гейтс - қазір дүниедегі ең бай адам.
 - E) Жастардың көбі жеңіл музыканы ұнатады.
4. Күмәнді ойды білдіретін қыстырма сөзді белгілеңіз.
 - A) Меніңше.
 - B) Бәлкім.
 - C) Амал қанша.
 - D) Ақырында.
 - E) Әлбетте.
5. Қыстырма сөздің тыныс белгісін көрсетіңіз.
 - A) Екі нүкте.
 - B) Нүкте.
 - C) Сызықша.
 - D) Үтір.
 - E) Тырнақша.
6. Одағай сөзді табыңыз.
 - A) Тарс-түрс.
 - B) Күмп.
 - C) Салдыр-гүлдір.
 - D) Паh-пах.
 - E) Мырс.
7. Тыныс белгісі дұрыс қойылған қаратпа сөзді табыңыз.
 - A) Ертең театрға барамыз.
 - B) Жанар, аман-есен жеттің бе?
 - C) Бүгін киноға, бардың ба Марат.
 - D) Балалар бүгін сабақ болмайды.
 - E) Марат бүгін, киноға бардың ба.
8. Қыстырма сөз қандай сөйлем мүшесі болатынын анықтаңыз.

- A) Қыстырма сөз сойлем мүшесі болмайды.
 - B) Қыстырма сөз бастауыш болады.
 - C) Қыстырма сөз баяндауыш болады.
 - D) Қыстырма сөз толықтауыш болады.
 - E) Қыстырма сөз анықтауыш болады.
9. Сөйлемде қаратпа сөз болатын қатарды белгілеңіз.
- A) Оның пікірінше.
 - B) Бәлкім.
 - C) Меніңше.
 - D) Оқушылар.
 - E) Тәйт.
10. Жекіру одағайын табыңыз.
- A) Тәйт.
 - B) Бесеу.
 - C) Моһ-моһ.
 - D) Рахмет.
 - E) Өттеген-ай.
11. Қыстырма сөзді табыңыз.
- A) Алақай, мен бүгін үздік баға алдым!
 - B) Аға, қай жақтансыз?
 - C) Біріншіден, мен бүгін театрға барамын.
 - D) Күн жел.
 - E) Дима, қуырдақ жейсіз бе?
12. Одағай қатысқан сөйлемді табыңыз.
- A) Япырау, қайда сол жылдар!
 - B) Үй ішінде майда самал жел ескендей.
 - C) Көрсетпе! Тый көз жасыңды!
 - D) Көкжиекте аққудай тізілген ақша бұлттар.
 - E) Жылт-жылт етеді, жылғадан өтеді.
13. Қыстырма сөзден кейін қойылатын тыныс белгісін көрсетіңіз.
Шындығында ол - аса талантты әрі іскер адам.
- A) Қос нүкте.
 - B) Үтір.
 - C) Нүкте.
 - D) Сызықша және қос нүкте.
 - E) Үтір және сызықша.
14. Одағайы бар сөйлемді белгілеңіз.
- A) Ой, тісім ауырып тұр, қабылдай ма?
 - B) Жасөспірімдер диско музыкасын жақсы көреді.
 - C) Қазақстанда эстрада жұлдыздары көп.
 - D) Халқымыздың музыкалық мәдениеті өте бай.
 - E) Қазақ халқы - өнерсүйгіш халық.
15. Дара одағайды табыңыз.
- A) Мәссаған.
 - B) Шөре-шөре.

С) Тек, уһ.

Д) Жаракімалла.

Е) Бәрежелді.

16. Қыстырма сөзді табыңыз.

А) Қажеттілік.

В) Қалам.

С) Марат.

Д) Қашу.

Е) Сірә.

17. «Қаратпа сөз» - орыс тіліндегі баламасын анықтаңыз.

А) Обращение.

В) Междометие.

С) Обособленные слова.

Д) Вводные предложения.

Е) Вводные слова.

18. Сөйлемде одағайдан кейін қандай тыныс белгісі қойылатынын анықтаңыз.

Апырай Мына бәрік сізге керемет жарасып тұр.

А) Сұрау белгісі.

В) Нүкте.

С) Леп белгісі.

Д) Үтір.

Е) Нүкте-үтір.

19. Тыныс белгісі дұрыс қойылған қаратпа сөзді сөйлемді анықтаңыз.

А) Балам-ай теледидардың алдында ұйықтап қалыпсың ғой.

В) Балам-ай теледидардың, алдында ұйықтап қалыпсың ғой.

С) Балам-ай, теледидардың алдында, ұйықтап қалыпсың ғой.

Д) Балам-ай теледидардың алдында ұйықтап, қалыпсың ғой.

Е) Балам-ай, теледидардың алдында ұйықтап қалыпсың ғой.

20. Одағай қандай сезімді білдіреді, анықтаңыз.

Бәрежелді, әжем базарлық әкелді!

А) Бұйыру.

В) Жекіру.

С) Шақыру.

Д) Қайталау.

Е) Көңіл-күй.

21. Таңдану одағайды көрсетіңіз.

А) Кәне.

В) Әттеген-ай.

С) Уһ.

Д) Апырай.

Е) Қап.

22. Қыстырма сөзді анықтаңыз.

А) Амал қанша.

В) Балам.

C) Бәрежелді.

D) Тәйт!

E) Уһ.

23. Күмәнді ойды білдіретін қыстырма сөзді белгілеңіз.

A) Меніңше.

B) Бәлкім.

C) Амал қанша.

D) Ақырында.

E) Әлбетте.

24. Сөйлемнің басындағы қаратпа сөзді анықтаңыз.

A) Оқушылар қысқы каникулда шетелге барды.

B) Ертең балалар театрға барамыз.

C) Көріскенше қош болыңдар бауырлар.

D) Оқушылар кітаптарыңды ұқыпты ұстаңдар!

E) Қай жылы ата тудыңыз?

25. Шақыру одағайы бар сөйлемді табыңыз.

A) Бәлкім, кім білер, сенің айтқаның болып қалар.

B) Ал ешкіге „шөре-шөре” дейміз.

C) Жеңеше, сөзің қандай мәнді.

D) Біз, қазіргі жастар, нарық заңын меңгереміз.

E) Қарағым, бүгін жұма ғой.

Төл сөз. Төлеу сөз. Автор сөзі.

1. Төл сөзді табыңыз.

A) Мұрат әннің өзінікі еместігін айтты.

B) Алмас менің атымды сұрады.

C) Жылқылар су ішуге тоқтады.

D) «Балам, - деді ол, - сенің атың кім?»

E) Ол қашан келетінін айтты.

2. Төл сөзге байланысты тыныс белгілері дұрыс қойылған сөйлемді анықтаңыз.

A) «Сен радио тыңдайсың ба?»- деп сұрады досым.

B) «Сен радио тыңдайсың ба»- деп сұрады досым.

C) Сен радио тыңдайсың ба, деп сұрады досым.

D) «Сен радио тыңдайсың ба, деп сұрады досым».

E) «Сен радио тыңдайсың ба?- деп сұрады досым».

3. Төл сөзі автор сөзінің ортасында келген сөйлемді көрсетіңіз.

A) - Енді кері қайтуға бола ма? - деді жауынгерлер.

B) «Ассалаумағалейкум!» - деп дауыстап сәлем берді.

C) Маған әкем: «Өнерді құрметтеген дұрыс», - деді.

D) Таңданып бұл кісі кім екенін сұрады.

E) - Бұл кісі кім, аға? - деп таңдана сұрады.

4. Төл сөзді сөйлемді табыңыз.

A) Сөйлесе білген - үйлесе біледі.

B) Қиыншылықты жеңу үшін жігер керек.

C) Қазыбек би билік айтады.

D) - Ойбай, биеке-ай! Қайда жүрсе де, тірі болсын! - деп безек қағады.

E) Қазыбек биге екі әйел алдына келіп жүгінеді.

5. Біреудің сөзін бұлжытпай, өзгеріссіз беретін сөздің атауын анықтаңыз.

A) Төлеу сөз.

B) Төл сөз.

C) Қаратпа сөз.

D) Одағай сөз.

E) Қыстырма сөз.

6. Тыныс белгілері дұрыс қойылған сөйлемді анықтаңыз.

A) «Мүмкін, кездесерміз» деді жас жігіт.

B) «Мүмкін,» - кездесерміз деді жас жігіт.

C) «Мүмкін, кездесерміз», - деді жас жігіт.

D) «Мүмкін, кездесерміз» - деді жас жігіт.

E) «Мүмкін, кездесерміз деді», - деді жас жігіт.

7. Төл сөзге байланысты тыныс белгілері дұрыс қойылған сөйлемді анықтаңыз.

A) Мұғалім: Балалар, бақылау жұмысын жақсы орындадыңдар, - деді.

B) Мұғалім - Балалар, бақылау жұмысын жақсы орындадыңдар, - деді.

C) Мұғалім «Балалар, бақылау жұмысын жақсы орындадыңдар», - деді.

D) Мұғалім: «Балалар, бақылау жұмысын жақсы орындадыңдар», - деді.

E) Мұғалім – «Балалар, бақылау жұмысын жақсы орындадыңдар», - деді.

8. Тыныс белгісі дұрыс қойылған диалогты белгілеңіз.
- A) –Абайды да білемін. Ол Құнанбайдың өлеңші баласы емес пе?
 - B) –Абайды да білемін. Ол – Құнанбайдың өлеңші баласы емес пе?
 - C) –Абайды да білемін? Ол Құнанбайдың өлеңші баласы емес пе?
 - D) –Абайды да білемін, Ол Құнанбайдың өлеңші-баласы емес пе?
 - E) –Абайды да білемін. Ол Құнанбайдың өлеңші баласы емес пе.
9. Төл сөздің дұрыс анықтамасын көрсетіңіз.
- A) Өсиет сөз.
 - B) Автордың өзінің айтқан сөзі.
 - C) Біреудің айтқан сөзінің өзгерген нұсқасы.
 - D) Біреудің назарын өзіне қарату үшін қолданатын сөздер.
 - E) Біреудің сөзін бұлжытпай, өзгеріссіз беру.
10. Тыныс белгісі дұрыс қойылған орынды көрсетіңіз.
- A) «Сөйлемді сауатты құрастырған жөн,» - деді мұғалім.
 - B) Сөйлемді сауатты: құрастырған жөн, - деді мұғалім!
 - C) Сөйлемді сауатты; құрастырған жөн деді мұғалім.
 - D)«Сөйлемді сауатты, құрастырған жөн,» - деді мұғалім.
 - E) «Сөйлемді сауатты құрастырған жөн» - деді мұғалім.
11. Төл сөздің автор сөзінен соң орналасып тұрған түрін көрсетіңіз.
- A) «Біз қайда жатырмыз? - деді, - кеше кеткен жоқпыз ба?».
 - B) Мен колхозшыларға: «Өзім бұл жерде туғаным жоқ», - дедім.
 - C) «Иә,-деді Дина, басын изеп, - тіл мен үн арасында айырма жоқ».
 - D) «Біз қайда жатырмыз?» - деп сұрады.
 - E) Ол бірде маған шынын айтты: «Сенімен сапарға шықсам, көңілім бір түрлі көтеріңкі болады».
12. Төл сөздің алдынан автор сөзі келсе, қойылатын белгіні көрсетіңіз.
- A) Нүктелі үтір.
 - B) Көп нүкте.
 - C) Нүкте.
 - D) Қос нүкте.
 - E) Үтір.
13. Сөйлеуші басқа біреудің сөзін өзгертіп, жалпы мазмұнын ғана беретін сөзді анықтаңыз.
- A) Қыстырма сөз.
 - B) Төлеу сөз.
 - C) Төл сөз.
 - D) Одағай сөз.
 - E) Қаратпа сөз.
14. Төл сөздің төлеу сөзге айналып тұрған түрін көрсетіңіз.
- A) - Мен, - деді ол түрі бал-бұл жанып, - сізге қонаққа келдім.
 - B) Жүзі бал-бұл жанып: - Мен сізге қонаққа келдім, - деді ол.
 - C) - Мен сізге қонаққа келдім, - деді ол түрі бал-бұл жанып.
 - D) Жүзі бал-бұл жанып ол былай деді: - Мен сізге қонаққа келдім.
 - E) Жүзі бал-бұл жанған ол өзінің қонаққа келгенін айтты.
15. Төл сөзді сөйлемді табыңыз.

- A) Өлеңдері «Жас Алашта» жарияланды.
- B) Розаның «Әлиясын» бүкіл қазақ сүйіп тыңдайды.
- C) «Шұға айнаса, амалым жоқ,» - деді Әбдірахман.
- D) Естігенді ұмытпас үшін не істеу керектігі айтылды.
- E) Апасының «кішкенесі» - 20 жаста.
16. Төл сөзді сөйлемді табыңыз.
- A) Өнер алды – қызыл тіл.
- B) Арғын, Найман, Керей, Уақ – төрт арыс бас қосыппыз.
- C) – Е, біз қайда кетеміз?! – деп, Жетпіс күйіп кетті.
- D) Қиыншылықты жеңу үшін жігер керек.
- E) Ол даусын соза сөйлеп, өзінің Тайжан екендігін айтты.
17. Берілген төл сөздің қай нұсқасында тыныс белгілері дұрыс қойылғанын көрсетіңіз.
- A) - Мырза, жүргелі жатырмыз. Киін - деді де, солдат ізінше қайта шықты.
- B) - Мырза жүргелі, жатырмыз. Киін, - деді де, солдат ізінше қайта шықты.
- C) - Мырза жүргелі жатырмыз. Киін, -деді де, солдат, ізінше қайта шықты.
- D) - Мырза, жүргелі жатырмыз. Киін, - деді де, солдат ізінше қайта шықты.
- E) - Мырза, жүргелі жатырмыз. Киін! - деді де солдат, ізінше қайта шықты.
18. Төлеу сөзді сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Сен дегенде сөз бар ма?
- B) Әй дер әже, қой дер қожа жоқ.
- C) Баланың соңғы ермегі – “Ақсүйек”.
- D) Осы күні сол жер қызыл гүл екенін айтты ол.
- E) Сауатты болу – дұрыс жазып, дұрыс сөйлеу.
19. Төл сөзге байланысты тыныс белгісінің дұрыс қойылған жерін көрсетіңіз.
- A) Шаһар әміршісі әл-Фарабиді сынамақ болып: «Өзіңе лайықты орын тауып отыр» дейді.
- B) Шаһар әміршісі әл-Фарабиді сынамақ болып: «Өзіңе лайықты орын тауып отыр», - дейді.
- C) Шаһар әміршісі әл-Фарабиді сынамақ болып - Өзіңе лайықты орын тауып отыр - дейді.
- D) Шаһар әміршісі әл-Фарабиді сынамақ болып: Өзіңе лайықты орын тауып отыр - дейді.
- E) Шаһар әміршісі әл-Фарабиді сынамақ болып өзіңе лайықты орын тауып отыр - дейді.
20. Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзі бар сөйлемді табыңыз.
- A) «Бұл үйдің жаны нешеу»: деді Итбай.
- B) – Бұл үйдің жаны нешеу?: деді Итбай.
- C) – Бұл үйдің жаны нешеу? деді: Итбай.
- D) – Бұл үйдің жаны нешеу?, деді Итбай.
- E) – Бұл үйдің жаны нешеу?- деді Итбай.
21. Сөйлеушінің біреудің айтқан сөзін ешбір өзгертпей беруінің атауын табыңыз.
- A) Қыстырма сөз.

- B) Төлеу сөз.
- C) Автор сөзі.
- D) Қаратпа сөз.
- E) Төл сөз.

22. Төл сөздің жетпеген (қойылмаған) тыныс белгісін табыңыз.

Аты Төлеген екен, Жібегін іздеп жүрген көрінеді, - деп, күлісті құрбылары.

- A) Үтір.
- B) Дефис.
- C) Қос нүкте.
- D) Сызықша.
- E) Нүктелі үтір.

23. Төл сөздің төлеу сөзге айналып тұрған түрін көрсетіңіз.

- A) Жүзі бал-бұл жанып: - Мен сізге қонаққа келдім, - деді ол.
- B) Жүзі бал-бұл жанған ол өзінің қонаққа келгенін айтты.
- C) - Мен сізге қонаққа келдім, - деді ол түрі бал-бұл жанып.
- D) - Мен, - деді ол түрі бал-бұл жанып, - сізге қонаққа келдім.
- E) Жүзі бал-бұл жанып ол былай деді: - Мен сізге қонаққа келдім.

24. Төл сөзге лайық тыныс белгісі қойылған сөйлем қайсысы, белгілеңіз.

- A) «Мен бір ақыл таптым» деді, қуанып Абзал.
- B) «Мен бір ақыл таптым»! деді Абзал.
- C) «Мен бір, ақыл таптым»- деді қуанып Абзал.
- D) «Мен бір ақыл таптым,» - деді Абзал.
- E) «Мен бір ақыл таптым» деді Абзал.

25. Төл сөзді сөйлемді табыңыз.

- A) – Е, біз қайда кетеміз?! – деп, Жетпіс күйіп кетті.
- B) Ол даусын соза сөйлеп, өзінің Тайжан екендігін айтты.
- C) Арғын, Найман, Керей, Уақ – төрт арыс бас қосыппыз.
- D) Өнер алды – қызыл тіл.
- E) Қиыншылықты жеңу үшін жігер керек.

Лексика 1-нұсқа

1. «Бас» сөзінің антонимін табыңыз.
 - A) Арман.
 - B) Аяқ.
 - C) Нашар.
 - D) Ауру.
 - E) Жаны.
2. Ауыспалы мағынада тұрған сөз тіркесін табыңыз.
 - A) Терең көл.
 - B) Терең ой.
 - C) Ашық есік.
 - D) Адамның басы.
 - E) Дәптер ашық.
3. Синоним қатарын көрсетіңіз.
 - A) Ағаш, темір.
 - B) Қысқа, ұзын.
 - C) Ер, батыр.
 - D) Ауыр, жеңіл.
 - E) Тас, жер.
4. «Жоғары» сөзінің антонимін табыңыз.
 - A) Зейнеткер.
 - B) Ғалым.
 - C) Төмен.
 - D) Оқушы.
 - E) Ұстаз.
5. Синонимді табыңыз.
 - A) Қатты – жұмсақ.
 - B) Мекен – аймақ.
 - C) Сулы – құрғақ.
 - D) Жол – жөнекей.
 - E) Шындық – өтірік.
6. «Беркін аспанға лақтыру» орысша мағынасын анықтаңыз.
 - A) Огорчатся.
 - B) Поздравляют.
 - C) Легко победить.
 - D) Сильно радоваться.
 - E) Отлично путешествовать.
7. «Қалың дәптер» сөз тіркесінің антонимін табыңыз.
 - A) Ашық дәптер.
 - B) Қызыл дәптер.
 - C) Қымбат дәптер.
 - D) Жұқа дәптер.
 - E) Арзан дәптер.
8. «Бетінен оты шығу» фразеологизмінің синонимін табыңыз.

- A) Ұялу.
- B) Қорқақ.
- C) Жоғалу.
- D) Жылдам.
- E) Тез.

9. «Қайратты» сөзіне синоним бола алатын қатарды белгілеңіз.

- A) Жаман, нашар.
- B) Өнерлі, өнерпаз.
- C) Сыпайы, мейірімді.
- D) Келбетті, сымбатты.
- E) Күшті, батыл.

10. «Биік, алыс» сөздерінің антонимін табыңыз.

- A) Қысқа, артық.
- B) Баяу, тез.
- C) Аласа, жақын.
- D) Ұзын, қысқа.
- E) Жақсы, жаман.

11. «Тез» сөзінің антонимің табыңыз.

- A) Төмен.
- B) Ауызша.
- C) Кенет.
- D) Баяу.
- E) Жаман.

12. Синонимі бар сөйлемді табыңыз.

- A) Біреуді мұқату, кеміту дұрыс емес.
- B) Даңқ үшін, думан үшін қызмет етпе.
- C) Бес нәрсеге асық бол, бес нәрседен қашық бол.
- D) Әр адам өз ісіне өзі маман.
- E) Мұраттың кітап оқуға да, ойынға да көңілі соқпады.

13. Тура мағынасында қолданылып тұрған сөзді көрсетіңіз.

- A) Қоңыр жел.
- B) Қоңыр күз.
- C) Қоңыр салқын.
- D) Қоңыр жіп.
- E) Қоңыр дауыс.

14. Синонимнің анықтамасын көрсетіңіз.

- A) Заттың сынын білдіретін сөздер.
- B) Мағыналары жақын сөздер.
- C) Жазылуы бірдей, бірақ мағыналары басқа сөздер.
- D) Заттың атын білдіретін сөздер.
- E) Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер.

15. Синоним бар сөйлемді белгілеңіз.

- A) Ғылым таппай білгенше,
Тыным, тыныштық таппаған.
- B) Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас.

- С) Егер ісім өнсін десең, ретін тап.
D) Қайғысыздан сақ бол, қайғылыққа жоқ бол.
E) Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел.
16. Антоним сөздерді көрсетіңіз.
A) Көрші – көлем.
B) Жұт – жұрт.
C) Салт – дәстүр.
D) Соғыс – бейбітшілік.
E) Арман – мұрат.
17. Ауыспалы мағынада тұрған сөз тіркесін белгілеңіз.
A) Күміс білезік.
B) Күміс алқа.
C) Күміс құмыра.
D) Күміс сырға.
E) Күміс күлкі.
18. «Көне» сөзінің синонимін белгілеңіз.
A) Дәмді.
B) Сұлу.
C) Ескі.
D) Әдепті.
E) Жаңа.
19. Антоним сөздерді көрсетіңіз.
A) Шын, рас.
B) Есім, ат.
C) Тұлға, бейне.
D) Ақымақ, әсер.
E) Жас, кәрі.
20. Синонимдерді анықтаңыз.
A) Ерте – кеш.
B) Үлкен – кіші.
C) Қайрат – мұрат.
D) Жаман – нашар.
E) Биік – аласа.
21. Тура мағынада қолданылған сөз тіркесін табыңыз.
A) Биік сезім.
B) Жылы ниет.
C) Биік ой.
D) Жылы лебіз.
E) Биік тау.
22. Антонимдерді анықтаңыз.
A) Қайратты – жігерлі.
B) Әдемі – сұлу.
C) Жаман – нашар.
D) Ұстаз – оқытушы.
E) Биік – аласа.

23. Тіркестің синонимін анықтаңыз.

«*Көне шаһар*»

А) Ежелгі қала.

В) Ескі ауыл.

С) Жаңа қала.

Д) Ежелгі дәуір.

Е) Бұрынғы ескерткіш.

24. Антонимдік қатарды көрсетіңіз.

А) Сүйек, асық.

В) Қасқыр, түлкі.

С) Басталды, аяқталды.

Д) Шығарды, отырды.

Е) Шаңғы, боран.

25. Антоним болмайтын сөздерді табыңыз.

А) Әлсіз – жақын.

В) Терең – таяз.

С) Ақылды – ақымақ.

Д) Жарық – қараңғы.

Е) Биік – аласа.

Лексика 2-нұсқа

1. «Сұлу» сөзінің синонимін табыңыз.
 - A) Көрікті.
 - B) Атақты.
 - C) Ақылды.
 - D) Белгілі.
 - E) Көп.
2. «Үлкен» сөзінің антонимін белгілеңіз.
 - A) Биік.
 - B) Кіші.
 - C) Жаман.
 - D) Сұлу.
 - E) Қысқа.
3. «Жәрдем» сөзінің синонимін табыңыз.
 - A) Қадірлі.
 - B) Оқымасты.
 - C) Көмек.
 - D) Атақ.
 - E) Арнау.
4. Синоним емес қатарды көрсетіңіз.
 - A) Сабырлы, ұстамды.
 - B) Жуас, момын.
 - C) Аласа, биік.
 - D) Нәрсе, зат.
 - E) Бет, жүзі.
5. «Пайда» сөзінің антонимін табыңыз.
 - A) Зиян.
 - B) Кедейлік.
 - C) Құн.
 - D) Қамқорлық.
 - E) Байлық.
6. «Мол» сөзінің синонимін көрсетіңіз.
 - A) Қалың.
 - B) Көп.
 - C) Аласа.
 - D) Аз.
 - E) Жиі.
7. Синонимдерді анықтаңыз.
 - A) Ерте –кеш.
 - B) Үлкен – кіші.
 - C) Қайрат – мұрат.
 - D) Жаман – нашар.
 - E) Биік – аласа.
8. Тура мағыналы сөз тіркесін көрсетіңіз.

- A) Суық хабар.
- B) Жұмсақ мінез.
- C) Қатты сөз.
- D) Ақ жүрек.
- E) Қара шаш.

9. Синоним сөздерді көрсетіңіз.

- A) Асау, жуас.
- B) Мықты, бос.
- C) Мықты, берік.
- D) Жоқ, бар.
- E) Аз, көп.

10. «Шәкірт» сөзінің синонимін анықтаңыз.

- A) Ұстаз.
- B) Оқушы.
- C) Мұғалім.
- D) Кенші.
- E) Жүргізуші.

11. Антоним сөздерді көрсетіңіз.

- A) Мектеп, дала.
- B) Жоғары, төмен.
- C) Биіктен түсті.
- D) Келе жатыр.
- E) Биік, үлкен.

12. Антонимді белгілеңіз.

Алдымен істің ақ-қарасын ажыратып алу қажет.

- A) Ақ-қарасын.
- B) Істі ажырату.
- C) Алу қажет.
- D) Ажыратып алу.
- E) Алдымен.

13. «Қой ауызынан шөп алмас» фразеологизмі қандай мінезді білдіретінін табыңыз.

- A) Қатал.
- B) Жалқау.
- C) Тентек.
- D) Сараң.
- E) Момын.

14. «Сұйық» сөзінің антонимін табыңыз.

- A) Қою.
- B) Кеш.
- C) Аласа.
- D) Зор.
- E) Төмен.

15. Антонимнің анықтамасын көрсетіңіз.

- A) Мағыналары бірдей сөздер.

- В) Заттың атын білдіретін сөздер.
С) Жазылуы бірдей, бірақ мағыналары басқа сөздер.
D) Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер.
E) Заттың қимылын білдіретін сөздер.
16. Артық сөзі бар синонимдік қатарды белгілеңіз.
A) Жиналыс, мәжіліс.
B) Сұлу, әдемі, әсем.
C) Тиімді, пайдалы, қажетті.
D) Күрес, арпалыс, тартыс.
E) Мезгіл, уақыт, рет.
17. Антонимдік жұбы бар мақал-мәтелді көрсетіңіз.
A) Күшіңе сенбе, ісіңе сен.
B) Ата – бәйтерек, бала – жапырақ.
C) Еңбек – ширатады, өмір – үйретеді.
D) Ащы еңбектен тәтті нан.
E) Еңбектің наны тәтті,
Жалқаудың жаны тәтті.
18. Антонимдес фразеологизмдерді табыңыз.
A) Өлердегі сөзін айту – екі көзі төрт болу.
B) Іші жылу – көз жұму.
C) Бетінен оты шығу – жүрегі жарылу.
D) Бетінен қақпау – көз ілмеу.
E) Ит өлген жер – таяқ тастам жер.
19. «Ұзын – қысқа» қандай сөздер екенін белгілеңіз.
A) Синоним сөздер.
B) Омоним сөздер.
C) Қыстырма сөздер.
D) Қаратпа сөздер.
E) Антоним сөздер.
20. Ауыспалы мағынада тұрған сөздерді көрсетіңіз.
A) Қара бояу, қалың киім, суық су.
B) Қара жүрек, күннің көзі, суық хабар.
C) Қалың шөп, адал іс, қара сөз.
D) Суық жел, бет әжімі, ұлпа қар.
E) Қоңыр сиыр, көк көйлек, жасыл жапырақ.
21. Тура мағынасындағы сөзді көрсетіңіз.
A) Қызыл жіп.
B) Темір тәртіп.
C) Күміс дауыс.
D) Алтын қол.
E) Қоян жүрек.
22. Антонимдік жұпты табыңыз.
A) Мықты-күшті.
B) Үй-кеме.
C) Әділ-арла.

D) Көне-жаңа.

E) Тағдыр-өмір.

23. «Жер жүзі» сөзінің синонимін белгілеңіз.

A) Қыруар, көп.

B) Әлем, жаһан.

C) Қазына, дәулет.

D) Құнды, бағалы.

E) Алдымен, әуелі.

24. «Дұшпан» сөзінің антонимін табыңыз.

A) Ер.

B) Адам.

C) Қас.

D) Дос.

E) Жау.

25. Ауыспалы мағынада тұрған сөзді көрсетіңіз.

A) Жануарлардың терісі.

B) Көліктің дөңгелегі.

C) Адамның көзі.

D) Құстың қанаты.

E) Жұмыстың басы.

Лексика 3-нұсқа

1. Қазақ халқын жоңғарлардан қорғаған батырды табыңыз.

- A) Тоқтар.
- B) Мәншүк.
- C) Бауыржан.
- D) Талғат.
- E) Райымбек.

2. Жыртқыш аңды көрсетіңіз.

- A) Жылан.
- B) Қоян.
- C) Тиін.
- D) Піл.
- E) Қасқыр.

3. Көктем мезгілінде ең бірінші шығатын гүлді белгілеңіз.

- A) Сарғалдақ.
- B) Раушан.
- C) Қызғалдақ.
- D) Сирень.
- E) Бәйшешек.

4. Шешендік сөзді аяқтаңыз.

*«Жаңбыр жаумаса,
Жер жетім,
Басшы болмаса, ...»*

- A) Күн жетім.
- B) Жол жетім.
- C) Тау жетім.
- D) Ел жетім.
- E) Сөз жетім.

5. «Достық» тақырыбындағы мақалды көрсетіңіз.

- A) Балалы үй – базар.
- B) Туған жер – алтын бесік.
- C) Ас – адамның арқауы.
- D) Адам досымен, ағаш тамырымен мықты.
- E) Білім кілті- кітап.

6. Астана қаласына дейінгі Қазақстанның астанасын көрсетіңіз.

- A) Атырау.
- B) Орынбор.
- C) Алматы.
- D) Қызылорда.
- E) Ақтөбе.

7. Мектепті бітіргенде оқушы қандай білім алатынын анықтаңыз.

- A) Кәсіби білім.
- B) Арнайы орта.

С) Жоғары білім.

Д) Орта білім.

Е) Бастауыш білім.

8. Мақалды толықтырыңыз:

«Аз ... алтын, көп ... күміс»

А) Сөз.

В) Өнеге.

С) Өмір.

Д) Ақыл.

Е) Ой.

9. Қазақтың тұнғыш журналистерін көрсетіңіз.

А) Ешмұхан Абылайханов, Дінмұхамед Сұлтанғазин.

В) Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин.

С) Сұлтанмахмұт Торайғыров, Міржақып Дулатов.

Д) Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов.

Е) Абай Құнанбаев, Жамбыл Жабаев.

10. Қазақ тілі қай тілдер тобына жататынын көрсетіңіз.

А) Славян.

В) Қытай.

С) Грек.

Д) Түркі.

Е) Латын.

11. Қазақстан батыс, солтүстік батыс және солтүстігінде қандай елмен шектесетінін көрсетіңіз.

А) Ресей.

В) Қытай.

С) Өзбекістан.

Д) Қырғыстан.

Е) Индия.

12. Толықтырыңыз: «Әлияның бойы ...»

А) Жалғыз.

В) Қоңыр.

С) Сарғылт.

Д) Ақшыл.

Е) Ұзын.

13. Дұрыс мақалды белгілеңіз.

А) Отан – достықтан да ыстық.

В) Отан – көмірден де ыстық.

С) Отан – шоқтан да ыстық.

Д) Отан – күннен де ыстық.

Е) Отан – оттан да ыстық.

14. Баурайында Алматы қаласы орналасқан тауды белгілеңіз.

А) Бурабай.

В) Оқжетпес.

С) Іле Алатау.

D) Тянь-Шань.

E) Тарбағатай.

15. Кіші планетаға аты берілген қазақтың ғалымын белгілеңіз.

A) Шоқан Уәлиханов.

B) Қаныш Сәтпаев.

C) Ахмет Байтұрсынұлы.

D) Тұрар Рысқұлов.

E) Мұхтар Әуезов.

16. Мақалдың екінші бөлімін табыңыз.

«Жақсымен жолдас болсаң – ісің бітер, ...»

A) Жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа.

B) Достың ескісі жақсы.

C) Досы азбен сырлас.

D) Күлме досыңа – келер басыңа.

E) Жаманмен жолдас болсаң, басың кетер.

17. Құрманғазы Сағырбаев кім екенін белгілеңіз.

A) Күйші.

B) Жауынгер.

C) Ақын.

D) Би.

E) Биші.

18. Семей қаласы Қазақстанның қай бөлігінде орналысқанын анықтаңыз.

A) Оңтүстік Қазақстанда.

B) Солтүстік Қазақстанда.

C) Шығыс Қазақстанда.

D) Батыс Қазақстанда.

E) Орталық Қазақстанда.

19. Мақалдың мағынасын толықтыратын сөзді табыңыз.

Отансыз адам, ормансыз

A) Құс.

B) Бұлбұл.

C) Торғай.

D) Қарлығаш.

E) Адам.

20. Әбілхан Қастеев кім екенін анықтаңыз.

A) Ғалым.

B) Ақын.

C) Қоғам қайраткері.

D) Жазушы.

E) Суретші.

21. Олжас Сүлейменов кім екенін анықтаңыз.

A) Жұмысшы, тарихшы.

B) Өнер қайраткері, сазгер.

C) Ақын, қоғам қайраткері.

D) Сазгер, әнші.

Е) Ақын, әнші.

22. Аптаның соңғы күнін табыңыз.

А) Бейсенбі.

В) Сенбі.

С) Жұма.

Д) Жексенбі.

Е) Сәрсенбі.

23. Мақалдың жалғасын көрсетіңіз.

«Өмір – үлкен ...»

А) Жол.

В) Кеме.

С) Мектеп.

Д) Кітап.

Е) Іс.

24. Қазақстан шығыста және оңтүстік шығыста қай елмен шектесетінін көрсетіңіз.

А) Қырғыстан.

В) Өзбекістан.

С) Әзірбажан.

Д) Қытай.

Е) Ресей.

25. Ата-ана туралы мақал-мәтелді табыңыз.

А) Досы көпті жау алмас.

В) Он үште отау иесі.

С) Жері байдың – елі бай.

Д) Отан отбасынан басталады.

Е) Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер.

Лексика 4-нұсқа

1. Мақал-мәтелді аяқтаңыз.

«Ерлік білекте емес, ...»

- A) Батырлықта.
- B) Күште.
- C) Тілекте.
- D) Жүректе.
- E) Елдікте.

2. Достық туралы мақалды табыңыз.

- A) Досы көппен сыйлас, досы азбен сырлас.
- B) Бейнетсіз рақат жоқ.
- C) Ырыс алды – ынтымақ.
- D) Ынтымақ болмай іс оңбас.
- E) Отан оттан да ыстық.

3. Мақалдың жалғасын табыңыз.

Күздің бір күні ...

- A) Жақсы болады.
- B) Нұр жауады.
- C) Молшылық болады.
- D) Қыстың бір айын асырайды.
- E) Маған ұнайды.

4. Өлеңде қай жыл мезгілі туралы айтылғанын белгілеңіз.

Қар еріп, су ағады,

Сарқырап сайға толады.

- A) Көктем.
- B) Қыс.
- C) Күз.
- D) Қаңтар.
- E) Жаз.

5. Денсаулық ұғымындағы мәтелді көрсетіңіз.

- A) Өнерлі бала сүйкімді.
- B) Оқы да біл, ойна да біл.
- C) Еңбек ширатады, өмір үйретеді.
- D) Көзің ауырса, қолыңды тый.
- E) Жалқауға күнде мейрам.

6. Сөйлемді тиісті сөзбен толықтырыңыз.

Уәде - ... қымбат.

- A) Сөзден.
- B) Уақыттан.
- C) Күмістен.
- D) Алтыннан.
- E) Адамнан.

7. Мемлекеттік туымыздың түсі ненің белгісі екенін көрсетіңіз.

- A) Күн.

В) Жұлдыз.

С) Су.

Д) Аспан.

Е) Жер.

8. Күз айларын белгілеңіз.

А) Сәуір, шілде, қаңтар.

В) Мамыр, маусым.

С) Қыркүйек, қазан, қараша.

Д) Наурыз, желтоқсан.

Е) Маусым, шілде, тамыз.

9. Қазақтың алғашқы академигін көрсетіңіз.

А) Ғ. Айдаров.

В) С. Королев.

С) Н. Сауранбаев.

Д) Ж. Жабаяев.

Е) Қ. Сәтпаев.

10. Жыл мезгілдері ұғымындағы мақалды көрсетіңіз.

А) Жұмыстың жаманы жоқ.

В) Ащы еңбектен – тәтті нан.

С) Күшіңе сенбе, ісіңе сен.

Д) Жаздың бір күні қыстың бір айын асырайды.

Е) Еңбек ширатады, өмір үйретеді.

11. Құрманғазының шәкіртін анықтаңыз.

А) Ескендір.

В) Мұқан.

С) Дина.

Д) Қазанғап.

Е) Дәулеткерей.

12. Мақалдың екінші бөлімін табыңыз.

«Жақсымен жолдас болсаң – ісің бітер, ...»

А) Жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа.

В) Достың ескісі жақсы.

С) Досы азбен сырлас.

Д) Күлме досыңа – келер басыңа.

Е) Жаманмен жолдас болсаң, басың кетер.

13. Дәулеткерей Шығайұлы кім екенін анықтаңыз.

А) Суретші.

В) Мүсінші.

С) Әнші.

Д) Күйші-композитор.

Е) Қобызшы.

14. Отбасы мүшелерінің атауын табыңыз.

А) Сөйлем, сөз, тіркес.

В) Әке, шеше, ата, ана.

С) Мектеп, тақта, кітап.

D) Дүкен, асхана, шаштараз.

E) Табиғат, орман, өзен.

15. «Қазақтың Швейцариясы» атанған өлкені анықтаңыз.

A) Марқакөл.

B) Баянауыл.

C) Алатау.

D) Қарқаралы.

E) Көкшетау.

16. Жұмбақтың шешуін табыңыз.

Қырық екі аты бар, танысыңдар – айтыңдар.

A) Карта.

B) Кітап.

C) Әліпби.

D) Мектеп.

E) Дыбыс.

17. «Табиғат» тақырыбына қатысты сөзді табыңыз.

A) Ұран.

B) Иесі.

C) Есім.

D) Орман.

E) Күш.

18. Бұқаралық ақпарат құралдарын анықтаңыз.

A) Әңгіме, ертегілер.

B) Бейне фильмдер.

C) Романдар, повестер.

D) Газет-журналдар.

E) Сабақтар, курстар.

19. Талғат Мұсабаев кім екенін анықтаңыз.

A) Әртіс.

B) Әнші.

C) Ақын.

D) Тарихшы.

E) Ғарышкер.

20. Қазақ музыкасын әлемге тұңғыш танытқан әншіні көрсетіңіз.

A) Ә. Қашаубаев.

B) Қ. Жандарбекова.

C) Қ. Қуанышбаев.

D) Б. Төлегенова.

E) Қ. Бәйсейітова.

21. Толықтырыңыз: «Менің отбасым ... тұрады»

A) Тату-тәтті.

B) Дәстүр.

C) Үлкен.

D) Ақылды.

E) Бауырмал.

22. Қазақстанның Конституциясы екінші рет қабылданған жылын табыңыз.

- A) 1992.
- B) 1993.
- C) 1994.
- D) 1991.
- E) 1995.

23. Мақалды толықтырыңыз.

«Тау мен тасты ... бұзады, адамзатты сөз бұзады».

- A) Көңіл.
- B) Ой.
- C) Мұз.
- D) Шөп.
- E) Су.

24. Берілген сөйлемнің дұрыс аудармасын көрсетіңіз.

«Время дороже золота»

- A) Уақыт әрқашан да аз.
- B) Уақыт алтыннан қымбат.
- C) Уақыт қайтып келмейді.
- D) Уақытым жоқ.
- E) Уақытыңды бағалай біл.

25. Тілдер мерекесі қай айда өтетінін анықтаңыз.

- A) Мамыр.
- B) Қыркүйек.
- C) Қараша.
- D) Қазан.
- E) Маусым.